

# ШЕЖІРЕ ҚАЗАҚТЫҢ РУ-ТАЙПАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ





## ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ

Жинақтаған: Мақсұт Даутбаев.  
ЖКК "Байтасов Б.С." баспасы. Шымкент, 2012 жыл. 96 бет.

ISBN 9965-9911-2-X

Редакторы: Әбдібек Қоңырбекұлы.  
Дизайнері: Балнұр Қожагелдиева.  
Корректоры: Ақерке Баймұратова.

© Мақсұт Даутбаев  
© ЖКК "Байтасов Б.С." баспасы

---

Басуға 01.06.2012 жылы берілді. Басылымы офсеттік..

Қағазы офсеттік. Шартты баспа табагы - 6.

Тапсырыс №01. Таралымы 1000 дана.

"АТБИ-принт" ЖШС баспаханасында басылды.

Шымкент қаласы, Сайрам к-и, 190.



## ШЕЖИРЕ БАСЫ

Атамыз Адам пайғабарды Алла тағала топырақтан жаратып жан беріп, оның оң қабырғасынан анамыз – Хауаны жаратып, Хая анамыз жыл сайын бір ұл, бір қызды егіз тауып, алдыңғы жылғы ұлға келер жылы туған қызды беріп, келер жылғы ұлға, алдыңғы жылғы қызды беріп, есіл-өніп, қырық мың кісі болғанда, Адам пайғамбар мың жасында өтіп, онан бір жыл соң Хая анамыз өтіпти.

Адам Пайғамбардың бір баласы Шис пайғамбар тауратта Шит деп жазылған, онан баласы Ануш, оның баласы Қинан, оның баласы Миһлаел, оның баласы Бруд, оның баласы Идрис пайғамбар – шын аты Ахнұх еді, оның баласы Матушлах, оның баласы Ламәк, оның баласы Нұх пайғамбар, бұл Нұх пайғамбардың үш баласы – Сам, Хам, Яфас; біздің түрік халқы Яфас нәсілінен.

Нұх пайғамбардың уақытында Адам балалары бұзықтық қылып діннен шыққан соң, Алла тағала қаһар қылып, топан сүйін жіберіп, жер жүзіндегі адам, жан-жануардың бәрі қырылып, Нұх пайғамбар үш баласымен оның қатындары Алла тағаланың әмірімен көмеге мініл аман қалыпты. Осы күнгі барша адам балалары сол Нұхтың үш баласы – Сам, Хам, Яфастың нәсілі.

«Тарих ғумуми» деген кітапта барша түрік, иран, юнан, қытай һәм европадағылар, Яфас нәсілінен.

Барша араб, асур, гілдан, фініке, карта же, гибрани мысырлар – Сам нәсілінен. Барша хабаш, судан, зәңгибар, барша қара түсті жұрт – Хам нәсілінен дейді.

Шежіре түрікті жазған Әбілғазы баһадүр хан сөзінше Яфастың сегіз баласы бар: Түрік, Хазар, Сақлап, Қытай, Камари, Тарих, Жапон, Манжур деген. Түріктің төрт баласы бар – Тұтік, Хакәл, Бәрсәжар, Амлақ, Барша хун мажар, бұлғар, улах, ауар, мағол, татар, манжу, фин, жонғар атанған халықтар түрік нәсілі дейді.

Түріктің баласы Елжакан, оның баласы – Бакой хан, оның баласы Киік хан, оның баласы – Аланшы хан.

Мұның уақтына шейін халық мұсылман еді, сол кезде бұзылып суретке табынды. Аланшының екі баласы – Татар, Мағол, Аланшы қол астындағы елін екі баласына бәліп берген соң, Татар қол астындағы ел Татар атанаип, Мағол қол астындағы ел Мағол

атаңды дейді.

Түріктен осы жерге шейін жазылған аталар - Әбілғазы хан шежіресіндегі мұсылман жазушыларының сөзі.

(Шәкәрім ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ «Түрік, Қазақ, Қыргыз һәм хандар шежіресі. Алматы: «Ол-Жас Баспасы» ЖШС, 2004 ж.).


## **ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ ТУР'АЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?**

XV – ғасырда Қазақ хандығы құрылуына бай танысты қазақ халқы біртұтас халық болып қалыптасты. Бұрын ол өзін толықтырған белгілі рулық-тайпалық елдер атымен тарихқа, сол ғаркылы дүние жүзіне танылған болса, ендігі жерде тіл, аумақ, мінезд-құлышқ, әдет-ғұрып тұтастығы бар халыққа айналған еді.

Демек, қазақ шежіресінің тағдыры да қазақ халқының тағдырымен тіке байланысты болды. Бұрын қазақ шежіресі рулық-ұлыстық елдердің шежіресі болса, ендігі жерде ол тұтас қазақ халқының бір арнаға түсірілген, едәуір кемелденген шежіресіне айналған.

Қазакта ата жөн сұраудың қазірге шейін соншалық кең бұқаралық сипат алып отыруы қазақ шежіресінің тарихы залыста жатқанын, ол басында рулық-тайпалық елдер шежіресі болғанын дәлелдейді. Демек, «Қазақ халқы 200-ден аса рудан құралса, ер рудың өз шежіреші болған. Шежірешілер жұз, тайпа, ру, ата тарихын терен талдай білген».

Қазақ шежіресін қазақтың ұрпақтан-ұрпаққа таралып келген ауызша тарихы деуге болады. Оның ұлттымыздың тарихын зерттеуде және жазууда аса бағалы екеніндегі дау жоқ. Шежірені қазақ өзінің тарихы деп білгендіктен, шежірені катқа білген адамды – шежіреші деп құрметтейді. Сонымен бірге әр ата баласына «Жеті атасын білдіруді өзінің борышы» деп қарайды. Қазақ арасында «Жеті атасын білмеген жетімдіктің салдары» деген мақал осындайдан қалған. Қазақтың құрамын толықтырған ертедегі түркі тайпаларындағы ата жол қуалайтын шежіре біздің заманымызға дейінгі Үйсін, Қаңлы, Алан, Хуша, (Хоже, Уже) дәүірінен басталған деуге де болады. Үйсін күнбіи Елжай би мен оның балалары (Дуло – Дулат) туралы «Ханнама» мен «Тарихнамаға» түскен деректер



бар.

Қаңлы тайпасынан шыққан атақты тарихшы, ғұлама ғалым Жамал Қаршидің (1230 – 1315) «Молқахат ат Тауарих» (Сөздікке қосыныш) атты еңбегіндегі қаңлы, қыпшақ, найман, сұзыздар туралы шежірелік деректер, XVI – ғасырдағы атақты би және шежіреші Қадырғали Жалайыридің «Жамиғат Тауарих» («Жылнамалар жинағы») атты кітабы – ертедегі шежірелердің жалғасы және жазба тарих бетіне тусын болады.

Қазақ шежіресі ауызша тарихты және ата жен таратуды негіз еткендігімен жазба тарихтан өзгешелгенеді. Бұрын жазба тарихы болмаған үлтимымыз жөнінен айтқанда, шежіренің ғылыми құнын дұрыс бағалғу аса қажет. Қазақтың байырғы шежіресінің діни астардан аулақтығы және қазақты түркі тілдес ұлттармен (ұйғыр, өзбек, қырғыз, татар, башқұрт, қарақалпақ, монгол, манжу, т.б.) туыстас етіп таратуы – оның ғылыми құнын онан ары асыра туысады. Ал іслем діні тағалғаннан кейінгі діни наныммен желілестірілген іслем шежірелері негізсіз екенін көрсетеді.

Қазақ шежіресі бойынша қазақ халқы Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз болып бөлінуден бұрын «Ақарыс», «Жанарыс», «Бекарыс» деп бөлінген. Ақарыс – Ұлы жүз, Жанарыс – Орта жүз, Бекарыс – Кіші жүз делінеді. Бұлай бөлінуі – жыл тұрмақ ғасыры анық емес, алыс заманың ісі. Ал қазақтың үш жүзге бөлінуі азыз-деректер бойынша қарағанда, XIII-XVI ғасырлар іci.

Бір азызға құлақ түрсек, қазақты үш жүзге Майқы би деген адам бөліпті. Ол Ұлы жүз түсінге «жалау», Орта жүз аргынға «көз», Кіші жүзге алшынға «найза» таңбасын беріпті. Сондай-ақ қырық рулы елдің таңбасын тасқа ойғызыпты.

Мұның өзі қазақ халқын толықтырған ру-тайпалардың үш жүзге бөлінуі XV- ғасырда қазақ хандықтары құрылудан бұрын-ақ басталғанын көрсетеді.

Екінші бір азызда, қазақты үш жүзге Қазақ хандығын құруышылардың бірі – Жәнібек хан бөліпті. Қазақ халқы осы ханың қадірлеп, «Әз Жәнібек хан» деп атапты. Ол Ұлы жүзге түсінді бас қылып, жалайырды көмекшілікке беріпті; Орта жүзге аргынды бас қылып, найманды көмекшілікке беріпті; Кіші жүзге алшынды бас

ұылып, жапасты көмекшілікке беріпті.

Қазақ сахарасындағы үш жүздің ру-тайпаларының жерге орналасу жайы мынадай:

Ұлы жүз ұлысы Жетісу өнірін – Шу, Талас, Сыр, Іле өзендерінің кең алқаптарын негіз етіп мекендейген. Яғни, Үйсіндердің ежелгі мекенінде болған. Қазақ хандығы да XV-ғасырда алғаш осы Ұлы жүз мекенін орталық етіп құрды. Орта жүз ұлысы қазақ даласының орта және солтустік-шығыс бөлегіндегі кең-байтақ әнірді, яғни Қызылқұм, Қаратаяу, Мойынқұм, Кекшетау, Сарыарқа өнірін (Балқаш көлінің солтустігін), Алтай, Тарбағатай, Ертіс өзеніне дейінгі жерлерді, Есіл, Нұра, Торғай, Сарысу өзендері алқабын негіз етіп мекендейген. Мұның оңтүстігі Сырдария өніріне, солтүстігі Сібірде дейін созылған. XVI – XVII ғасырларға келгенде Қазақ хандығы құрамындағы халықтың көпшілігі Орта жүз тайпалары болды. Кіші жүз ұлысы қазақ даласының батысында, Маңғыстау маңында, Жайық өзені өнірінде мекендейген. Яғни, ежелгі аландар мекенінде болды. Кіші жүздің өкілдік тайпасы – «кашын» аты сол алаңдармен тікелей қатысты болса керек.

Еліміздің тарихи кітаптарында кей-кейде Ұлы жүз – Шығыс тайпалары, Орта жүз – Солтустік тайпалары, Кіші жүз – Батыс тайпалары деп те жазылады. Екінші аталау «жүз» атауының қазақ тілінде «бағыт», «бет» мағынасын беруімен байланысты болса керек.

Қазақ шежірелерінде айтылып, қазақ халқы ортақ мойындаған үш жүзге қарайтын негізгі тайпалар мыналар:

Ұлы жүз тайпалары: Жалайыр, Албан, Дулат, Суан, Үсты, Сары Үйсін, Сіргелі, Өшақты, Шапырашты, Шанышқылы, Қаңлы, Қататан. Ұлы жүз тайпалары әдетте Ұлы жүз Үйсін деп те аталаады. Демек, Ұлы жүз қазақтарында Үйсін өкілдік тайпа саналады.

Орта жүз тайпалары: Арғын, Найман, Керей, Уақ, Қоңырат, Қыпшак. Әдетте халық аузында «Алты арыс ел» деп аталаады. Орта жүзде әдетте арғын өкілдік тайпа саналады. Сондыктан қазақ арасында «Арғын аға болғанда» деп жүлгелеп сөйлеу қалыптасқан. Арғын тайпасының аты ежелгі «ғұндармен» тікелей байланысты шыққан деген меже бар.

Кіші жүз тайпалары әдетте Әлімұлы, Байұлы, Жетіру деп бөлінеді. Әлімұлы – Қарасақал, Қараш, Кете.

Байұллы – он екі арыс. Олар: Адай, Алшын, Жаппас, Алаш, Байбарак, Беріш, Есентемір, Қызылқұрт, Серкеш, Үсық, Таз, Масқар.

Жетіру – Табын, Тама, Жағалбайлы, Кердері, Көрейт, Телеу, Рамадан.

Қазақ шежіресінің халықтық түрлері арасында өзіндік айырмашылықтар бар. Бұлар, әрине, мұқият зерттелуге тиіс. Мысалы, халықтық шежіренің 1962 – жылы 10- айда Әлімқан деген адам жазған бір түрі бар. Үсқақ шежірешіден қалған, Естемес Әуелқанұлы деген кісінің қолында сақталған тағы бір түрі бар. 1983 – жылы менің қолымда тұскен бұл нұсқа едәір толық.

Осы екі түрлі халықтық шежірені салыстыра қарағанда, бұл екеуінің баяндауында, қазақтың үш жүзге бөлінуден бұрынғы ата тегі жөнінде едәуір үлкен айырма бар екен.

Бірінші, Үсқақ қариядан қалған шежіренің басталуы былай:

Жалаңаш бабаның баласы – Қайын, Қайыннан Той, Тойдан Тулай, Тулайдан Алаш, Алаштан Жасыбай, Байсұңқар. Байсұңқардан Тере, Жасыбайдан Байғотан. (Әдette айтыла беретін «Иттің ұлы Байғотан» дегендегі «Байғотан» осыдан қалды ма екен? — Ж. М.). Байғотан төрт әйел алған екен.

Бірінші әйелінен: Үйсін, Қаңлы, Жалайыр, Ошақты.

Екінші әйелінен: Арғын, Найман, Қылشاқ; Қоңырат, Керей, Үақ.

Үшінші әйелінен: Алшын, Жаппас.

Төртінші әйелінен: Жағалбайлы.

Бірінші әйелінен туған төрт баладан тарағаны «Ұлы жүз» деп аталды.

Екінші әйелінен туған алты баладан тарағаны «Орта жүз» деп аталды.

Үшінші әйелінен туған екі бала мен төртінші әйелінен туған бір баладан тарағаны «Кіші жүз» деп аталды. Үш жүздің баласы дегені, міне, осы.

«Үсқақ шежіресінде» мынадай бір ақыз айтылады:

«Сол заманда сүйегі ноғай Әбілхайыр деген хан болады. Мұны Әз Жәнібек деген кісі біледі. Жұрт Әбілхайыр ханнан ақылы артық Арғынға ауады. Бұған Әбілхайыр хан іштей наразы болады да, «Қобыландыны берсін, қанға-қан аламын», - дейді. Әз Жәнібек хан

«Жеті кісінің құнын алсын», - деп, батырын бермей елшіні қайтарады. Әз Жәнібек қанға –қан аламын деп үш жұз әскермен келіп Әбілхайыр ханды шауып кегін алады. Үш жүздің баласы аталатын себеп осы...»

Қазақ тарихынан хабарлы адамдар бұл аңызда айтылған Әбілхайыр хан мен Әз Жәнібекті әбден біледі.

XV-ғасырдың орталарында Өзбек-Қазақ хандығын және онан кейін Қазақ хандығын билеген адамдар туралы аңыз өзіндік маңыз алады. Бірақ Арғын мен Қобыланды жөнінде айтқаны тарихи мәліметтерге үйлеспейді.

Екінші, Әлімқан жазған шежіренің басталуында «леләм шежіресінің» белгілі сарыны бар. Оны қалдырып, халықтық түріне ойысайық. Оның Үш жүзден бұрынғы ата текті таратуында «Ыңқақ шежіресіне» ұқсамайтын жағы мынау:

Қыргыз, Құрдай, Қытай (Қидандар – Батыс Лиау мензелетін болса керек) бір туысады екен.

Құрдайдан Аламан жалғыз, Аламаннан Алаш жалғыз, Алаштан үшеу – Зейінқан, Сейілқан, Сұбнан.

«Зейілқаннан серіз арыс, кеткен алыс» делінеді. Демек, Зейілқанның ұрпағы серіз ел болды. Бізден алыстап кетті делінің отыры.

Майқы би жиені делініпті. Сірә, Майқы би Алашқа немесе Алаштың баласы Зейілқанға жиен деген мазмұн болса керек.

Ал Сейілқаннан - Өзбек, Өзбектен – Ноғай; Сұбнаннан Қазақ, Созақ; Созақтан – Қарақалпақ, Қазақтан – Ақарыс, Бекарыс, Жанаарыс.

Қазақ үш жүзі осы үшеуінен тарайды. Яғни Ақарыс – Ұлы жүз, Жанаарыс – Орта жүз, Бекарыс – Кіші жүз.


«Шежіренің» осы нұсқасы бойынша, Ақарыстан Үйсін жалғыз, Үйсіннен Абақ, Тарақ екеу. Абақтан Ақсақал (Бәйдібек би), Бәйдібектен – Жарықшақ, Жарықшақтан – Албан, Суан, Дулат; Албаннан – Шыбыл, Сары; Тарақтан – Жансақал (Жандыбек би), Жандыбектен – Жалайыр, Шалырашты, Қаңлы.

Жанаарыстан алты бала (Алты арыс):

Бәйбішеден Керей, Үақ; ортанышы әйелінен – Қоңырат, Қылшақ; тоқалдан – Арғын, Найман.

Бекарыстан – Алшын, Жаппас, Жагалбайлы.

Осы нұсқа қазірге дейін біз көріп жүрген, баспа бетінде



жарияланған нұсқаларға жуық бола тұrsa да, езгеше шежірелерге үқсамайтын жағы да бар. әсіресе Бекарысты таратуында даралық бар.

Жоғарыдағы екі түрлі нұсқаны бірімен бірін салыстырудың сыртында, оларды «Қазақ Совет энциклопедиясындағы» шежірелік таратумен салыстырында, бұларда қазақтың үш жүзге бөлінүінде және таралуында үқсастық негізгі, езгешелік ішінара орынды деуге болады. Ал «Қазақтың қысқаша тарихындағы» тәрттумен де белгілі айырмашылық бар. «Қазақтың қысқаша тарихында» Бекарыс – Ұлы жұз, Ақарыс – Орта жұз, Жанарыс – Кіші жұз депінсе, Әлімқаннан қалған шежіреде Ақарыс – Ұлы жұз, Жанарыс – Орта жұз, Бекарыс – Кіші жұз.

Мұның өзі қазақ шежіресін жинап-зерттеудің қажеттігін туosiндіреді.

Қазақ шежіресі атамзаманнан берлі қазақтың ауызша тарихы болғандықтан, оның дәүірлер тарихын зерттеуде және жазуда рөлі зор, әсіресе шежірелік таратуға қоса айтылатын шежірелік аңыздардың құның тәмен мөлшерлеуге болмайды.

Бірақ қазақ шежіресін қазақтың жаэба тарихының орнына қоюға болмайды. Ол қашаннан да қазақтың жаэба тарихының толықтаушысы, құрамидас бөлігі болып жасай береді.

«Терелер шежіресін» қазақ шежіресінің бір бөлігі деп қараған жөн. Шыңғысхан XII – ғасырдың басында монгол атының тұяғы жеткен жерді тәрт ұлына және басқа жақын тұystарына үлестірген кезде, Қазақ даласы мен Орта Азияны мекендеген қазақ тайпалары басында оның Жошы, Шагатай, Өгедай атты ұлдарына, Өгедай елген соң Жошы мен Шагатай ұлыстарына қарасты болды.

Қазақ тайпаларын билеген Шыңғысхан әүлеттері XIII – XVI-ғасырлар аралығында өздерінен әлдеқайда көп қазақ тайпаларына біртіндеп сіңіп (нәсілдік сипаты езгеріп), қазаққа айналып кетті. Сондықтан қазақтарды билеген Шыңғыс ұрпақтары шежіресін – «Терелер шежіресін» - қазақ шежіресінің бір тармағы деп қарау қажет.

Шоқан Үәлихановтың жазуынша, қазақ хандары – Есім хан, Тәүке, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай ұрпақтары хан ордаларында шежіре жинап-сақтаған. Олар қазақ тайпаларының байыргы шежіресімен қоса өздерінің төре шежіресін де жинап-сақтаған

бопса керек. Қадырғали Жалайыры шежіресі туралы Шоқан Үәлиханов: «Қазақтардың өткені туралы ең құнды, алғаш жазба ескерткіш. Мұнда нақты тарихи деректер аз болғанымен, қазақ хандары мән сұлтандарының ата тегі бар», - дед жазады. Мұндай шежірелер «...Абылайда, оның балалары Үәлиде, Сүйік тереде, Әбілқайырда, оның балалары Нұрәльда, Айшуакта, ұрпактары Жәнгір ханда, Дәулеткереиде» болған.

Қазақ шежіресінің Ресейдә және Жұнғода жазба деректерге тусы XVIII-ғасырдың 30-50-жылдарында басталды деуге болады. М. П. Вяткиннің казуынша, «Орыс қоғамының Қазақстан тарихына көніл белгінде 1731-жылы Әбілқайыр ханының Ресей қол астына қарауы себеп болғандығында сез жоқ». Ал Жұнғода «XVIII –ғасырдың екінші жақтысы мен XIX-ғасырдың басында Ежен ханға тарту тартып үнемі Биқинде барып тұрган Қазақ хандығының елшілерінен және Үрімжі, Құлжа, Шауешекке ат айдал экеліп сатқан қазақтардан жиналған қазақ шежіресі жөніндегі (манжұше жазылған) мол мәлімет Биқинде хан сарайы мұражайының архивінде сактаулы тұр». Сунан Жұнинің «Шығын жайлар мәлімет» атты кітабында, Қазақ хандарының, Шың патшалығы үкіметімен саяси-шаруашылық қарым-қатынастары, барыс-көлістері туралы қызуар мәлімет жазылған. Оナン басқа қазақ тәреперінің шежіресі эте жан-жақты жазылған. Тәуке, Абылай, Әбілмембет сияқты қазақ хандары әулеттерінің, осы әулет мүшелері мен елшілерінің Шың патшалығы үкіметіне барған жылдары, қандай шен ялып қайтқандары эте тамаша жазылған.

Кезақ шежіресін жинауға, шежіре-аңыздарға баға беруге ерекше көңіл белген адамның бірі – Құрбанғали Халиди. Ол қазақ шежіресіне ерекше баға бергеннің үстінен, кейір шежіре-аңыздарды жазып қалдырган. Оның жазуынша, «Өзбектің баласы – Жалаңаш баба, оның баласы – Қырғыз Шұбар, оның баласы – Бортай, оның баласы – Солай, оның баласы – Қойын, оның баласы – Байтоган. Үш жүз казактың атасы, міне, осы». Мұнда қазақтың өзбекпен, қырғызбен жақындатуы тарихи шындыққа жанасса да, өзбекті қазақтың аргы ата-бабасы дег көрсетуі нағымсыз. Ал Жалаңашты, Қойынды және Байтоганды қазақтың аргы ата-бабалары ретінде атаяу ысқақ, қариядан калған шежіреге жанасатын шежіре аңыз екенін көрсетеді.

Құрбанғали наймандардың тарапалуы жөніндегі деректі едәүір жан-жакты жазған. Сіра, бұл автордың найман ішінде көп жүргендігінен

болса керек.

Қазақ шежіресін жинау, реттеу, баспадан шығару Ресей қазактарында осы ғасырдың басында-ақ басталған. Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Нұржан Наушабаев сияқтылардың бұл жақтағы сіңірген еңбегін XIX-ғасырдың алғашқы жартысы мен орта шенінде Ш. Үәлиханов жазып алған «Ұлы жұз шежіресі» мен Абдолла Нияздың «Ұш жұз шежіресінің» жалғасы және дамыттылуы деуге болады.

Шежіре-деректерді әлі де жинау, реттеу және үзбей баспадан шығарып отыру алдағы жерде кезек күттірмейтін міндеттің бірі болуға тиіс..

(Жақып МЫРЗАХАНОВ, «Тарих қойнауынан» Тарихи очерктер. Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2004).

## **АҢЫЗ ҮШ ЖҰЗ ТУРАЛЫ НЕ ДЕЙДІ?**

Бір әқызда Ногайдың ханы Өлеңтігө бағынатын Ақназар хан кейін өз ұлсынын бөліп әкетіп, қарәуындағы аймақты үш баласына бөліп беріпті. Содан қазақ Үш жұз атаныпты.

Екінші бір әқызда орыстар Астраханды алғанда ағайынды үш жігіт бос жатқан даларапта қашып кетіп, содан Үш жұз өсіп-өніпті.

Үшінші бір әқызда Бұхар ханы Арystan бәйбішесінен бала болмай, Қызылаяқ елін шапқанда ат көтіне салып алып келген тұтқын қызыға аяқ салып, содан, бала бітіп, ол сауықсаның аласындағы ала бол туып, жапан түзге аласталып кетіпті. Айдалада аң аулап, күн көріп жүрген жалқы жігіттің хан баласы екенін біліп қалған Майқы би Үйсін деген баласына бастатып жұз нөкер беріпті. Оны естіп Қотан би де Болат деген баласына бастатып жұз нөкер жіберіпті. Қоғам би де тұрғыластарынан қалмай, Алшын деген баласына бастатып жұз нөкер қосыпты. Осы жүздіктер үсті-басының алалығына бола Алаш атандып кеткен ханзаданың қосынаның реттеперінә қарай, Ұлы жұз, Орта жұз, Кіші жұз болып үшке бөлініпті.

Төртінші бір әқызда Сібірді жайлайтын алат тайласының Алаша деген сұлтаны үш жүздікпен Бұхараны шауыпты. Женіліп қалып, соңындағы үш жұз қолымен Туркістанды мекендеуғе мәжбүр болыпты. Үш жұз содан шығыпты.

**Бұл-ақыздың айтары.**

Аңыз болса да, талай нәрсені аңғартып тұрғандай. Алдымен аңғартары, қазіргі қазақ ұлтының бірнеше құрамдас бөліктерден тұратындығы, екіншіден, ол бөліктердің бір арнаға тоғысуы бір кезеңде емес, әр кезеңде жүзеге асқандығы. Оған солар жайлайтын саяси кеңістіктегі әр қылыштардың құбылыстардың әсер еткендігі. Бір қызығы, үш жұз жайындағы қай ақызда да Ногай хандығы мен Абдолла әулеті билейтін Орта Азия хандықтары айтылады. Осы бір деталь әлті ақыздардың шығуна себеп болған тарихи шындықты танып-білуғе мүмкіндік туғызады. Өйткені Абдолла әулеті билеген хандықтар мен көрші қошпелі тайпалар арасындағы қақтығыстардың, Ногай ордасының ыдырауының шежіресін жасақтайтын жазбаша деректер бар. Сол арқылы қазақтың үш жүзінің қашан бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бір ұлтқа айнала бастағанын аңғару қыын

емес. Қазақ ұлтының бір этникалық жынытыққа айналуы әуелі Жошының Орда-Ежен деген ұлының әuletі, кейін Шәйбай деген ұлының әuletі билеп, сол билеуші екі әuletтің арасындағы кикілжінің нәтижесінде Ақ Орда мемлекетінің ыдырауынан басталды да, әуелі Шағатай әuletі, кейін оның қарауындағы әскербасылар санатынан шыққан Темір әuletі билеп, сол екі билеуші әuletтің тартысы салдарынан тоз-тоз боп тарап кеткен Шағатай мемлекетінің құлдыра туысна ұласты, ақырында бір кезде жер жүзін дүркіретіп, әуелі Бату, Тоқа-Темір балаларының өз арасындағы, кейін оларды тақтан ығыстырып, өздері билеуші болған әскери ақсүйек Манғыт әuletі өкілдері арасындағы шиеленіс салдарынан жат табанында қалған Алтын Орданың ақырғы жұқанагы Ноғай ордасының құлауымен аяқталды. Билік жолындағы күрес қай тұста да болған. Тізгін ұстағандар алысты екен деп олардың қол астындағы халықтарды да алыстырып қоймайық. Әңгіме болып отырған кезенде жұз берін жұз, ру мен ру алысқан жоқ. Жұрт сұлтандардың шашбауын көтеруші болмай, оларды айтқандарына жүргізе білді. Әскери демократиялық қоғамда қару ұстай алар естияр еркеккіндіктер ел тағдырына байланысты мәселенің қай-қайсысын шешуге де тікелей атсалысатын. Олай болмаған күнде Төле де, Қазыбек те, Әйтеке де шықпас еді. Олай болмаған күнде Тәуке Төле, Қазыбек, Әйтекеге; Әбілқайыр Жәнібек пен Бөгенбайға; Абылай Қазыбек пен Бұқарға; Барақ Шүрек пен Қабанбайға жүгінбес еді.

Расына келсек, қазіргі біз білетін алауыздық пен әкімшілік ол заманнан көп кейін, ол заманда қалыптасқан ел билеу жүйесі әдейі аяқта басылған кезде шықты. 1824 жылы хан билігі, 1868 жылы сұлтан билігі жойылды. Сол арқылы қазақ даласы дәстүрлі мемлекеттік сипатынан айырылды. Оған басқа топырақта қалыптасқан бюрократтық билеу жүйесі күшпен енгізілді. Елден гөрі өз басын, ұлттан гөрі ағайынын көбірек қамтып, ақылдан гөрі айла-шарғыны көбірек малданатын пысықайлардың «партияшыл», «топшыл» күресі етек жайды. Ру-ру болып, ата-ата болып, билікке таласу да содан шықты. Сондай кикілжінді тілге тиек ету үшін «анау ауылдан шыққандар шетінен сұнғыла, мынау ауылдан шыққандар шетінен миғұла» деп бірін-бірі көзге шұқитын әдет пайда болды. Көзі тірі жүргенімізді былай қойып,

баяғыда сүйегі қурап қалған бағаларымызды әрі итеріп, бері жығатын болып бара жатырмыз. Одан құтылу үшін бір-бірін әрі игеріп, бері жағатын әуре-сарсан емес, ортақ мақсат жолындағы ынтымақ керек. Ондай ынтымақ бір-бірімізден мін іздеу жолымен емес, әрқайсымыздың көкейкесті мұддемізді бірдей елеп, бірдей ескеру жолымен орнайды. Төле, Қазыбек, Әйтеке есімдерінің әлі күнге ауыздан түспейтіндігі де сондықтан. Замандастарына сүйек сындырысып, жаға жыртысуды емес, бірі жен, бірі жаға, бірі іні, бірі аға болуды, өзара тендік арқылы елдікке, елдік арқылы өзгелермен тендікке жетуді үйреткендіктерінде.

Халқымыздың Қаратая бойындағы қашанғы қара жұрты болып келе жатқан Шымкент қаласының ортасында Ордабасы деп аталатын алаң бар. Оған бір тараптан Төле би, екінші тараптан Қазыбек би, үшінші тараптан Әйтеке би көшелері келіп тоғысады.

Үш сала-бір арна. Қай істе де, қай тұста да осыны ұмытпасақ, талай кемісіміз түзеліп, талай ортамыз толар еді-ау...

(Үш пайғамбар, Алматы, «Дәуір», 1992. Ұқашамдал дайындаған Марғұға ШАПИЯН, Аңыз журналынан.).

## **ҚАЗАҚ ҚАЙДАН ШЫҚҚАН?**

Жоғарғы әр түрлі шежіре кітаптардың сөзінен біздің қазақ Нұх пайғамбардың Яфас деген баласының нәсілінен. Қытайша Тукю –біздің тілде түрік аталған халықтан екені анық болды. Түрік деген дұлыға деген сөз екен. Оナン соң бір кезде ғұн, яки хун деп аталағыты. Оны Нәжіб Фасымбек Орхон езеніне қойылған аттан қойылды дейді. ОНАН кейін әр түрлі атпен бөлекtenіп кетсө де, біз ұйғыр атынан шыққан елміз. Бұл ұйғыр деген бірігіл қосылған деген мағынада деп шежіре жазушының бәрі айтқан десе де болады. Сол ұйғырдан қырғыз, қаңлы, қыпшақ, аргын, наиман, керейт, дулат, үйсін деген таптар шығып, солардың нәсілінен шыққанбыз.

Ақырында Шыңғыс хан татам татар маголды алып, төрт баласына ел бөліп бергенде, үлкен баласы Жошыменен онған кіші баласы Шағатайға татар атанған елдерді бергенде, соның ішінде татар атанып және Жошыға тигені; Жошы ұлысы, Шағатайға тигені, Шағатай ұлысы атанған, онан кейін біздің Жошы ұлысындағы аталарымыз Жошы нәсілінен Өзбек хан мұсылман болғанда, барша Жошы ұлысы өзбек атанып, онан кейін Әз Жәнібек ханға еріп, Ноғай ханнан бөлінгенде Қырғыз, қазақ атанған елміз, ол кезде ол атпен атанған ел, жалғыз ғана біздің үш жүздегі қазақ емес, көп ел еді. Оның көбі отырықты өмірге кіріп, әр жерге барып бірталаіы ногай, башқұрт атанып, бірталаіы өзбек, сарт атанып кеткен. Ақырында қазақ деген ата бізде қалған.

Жоғарыда айтып едік, Адам пайғамбардан бері қарай осы уақытқа шейін үзілмей жазылып келген шежіре жоқ деп. Әз Жәнібек ханнан бері қарай біздің қазақ аталары туралы шынды-өтірікті айтылған сөздер бар, соның ішінде нақты дегенім һәм дұрыс шежіре хабарына тұра келгендерін шежіре кітаптардың сөзіне қосып жазамын.

Шыңғыстың үлкен баласы Жошы хан өлген соң орнына Бату (Жошы баласы) хан болды. Оны орыстар Бати дейді. Лақап аты Сайын хан еді. Оның орыс жүртін қаратып алғаны – 1242 жылы. Батудан соң інісі Бүрге хан болды. Жошыдан бұрын ол Еділ – Жайықта қыпшақ атанып тұрған түріктер бар еді. Сол себептен Дешті қыпшақ хандығы деп аталушы еді. Бүрге хан кезінде үш ордаға бөлініп, Алтын орда, Ақ орда, Кек орда деп бәрінің үстінен



Алтын ордағы Бүрге хан билеуші еді. Ақ ордаға Жошының Шайбан деген баласы хан болып, бер жақтағы тамам көшпелі ел Көк орда атанип, оған Жошының Тоқайтемір деген баласы хан еді. Біздің Әбілмансұр Абылай хан – сол Тоқайтемір нәсілі.

Жоғарғы бүрге хан мұсылман болып, Береке хан атанип, оған еріп інісі Тоқайтемір де мұсылман болып еді, әйтсе де халықта мұсылмандық орнықпай, олардан соң жоғалды. Бүргенің орнына Тоқайтемірдің Мәңкетемір деген баласы Ұлкен хан болып, онан соң оның інісі Тодамөңке болып, онан соң жоғарғы Мәңкетемірдің баласы Тоқтағу болды. Онан соң жоғарыдағы Батудың Мыңтемір деген баласының Тонрул дегеннің баласы Өзбек хан болды. Мұның хан болғаны 1301 жылы еді. Бұл Өзбек хан мұсылман болып, халықын да мұсылман қылды. Сол мұсылмандық бұзылған жоқ, «дін өзбектен қалды» деген мақал сол және сол ханның атыменен Жошы ұлысы өзбек атанды.

Жошы ұлысының Ұлкен ханы тұратұғыны Алтын орданың орны осы күнгі Еділ сұнының бойында Астрахан мен Саратов арасындағы Царев деген қала еді. Ноғайлар сарай деп атап, оны орыстар Царев деп кетті. Сол кезде де біздің қазақтың орны осы Сарыарқада еді.

1446 жылы Жошы нәсілінен атақты ұлғы Мұхамед хан, біздің қазақ Ормамбет хан дейді. Сол өлген соң Жошы нәсілдері хандыққа таласып, әрбір кішкене хандыққа бөлінді. Ұлғы Мұхамедтің шын аты Темірхан еді.

Сол кезде Шибан нәсілінен Әбілқайыр хан деген 1452 жылы Қазан ханына да, Қырымға да қарамай өз алдына Жошы ұлысының күншығыс жағын түгел билеп тұрады. Сонда қазақтың ханы Әз Жәнібек хан еді, Әбілқайырга қарап тұрушы еді. Әз Жәнібектің шын аты Әбусағид еді. Тоқайтемір нәсілінен Барак хан баласы еді. 1455 жылы Әз Жәнібек хан немере інісі Шаһгерей ханменен тамам қазақты алғып, Әбілқайырга өкпелеп Шудағы, нәсілінен Есен Ұғаның баласы Тоқлуқ Темірханға қарады. Әбілқайырга өкпелеген себебін біздің қазақ былай айтады.

Біздің осындағы арғындардың аргы атасы Дайырқожа ханның сүйікті қазысы екен, әділ айтқандықтан Ақжол атанипты. Және Қара Қыпшақ Қобыланды батыр да Әбілқайырга сүйікті екен. Екеуі ішінен жауласып жүргенде, бір күні далада Қобыланды батыр Дайырқожаны өлтіріп кетіпті. Әз Жәнібек хан

біліп, Қобыландыны шаригат бойынша қысас қылып өлтірге сұрапты. Әбілқайыр хан берейін десе, көп қыпشاқ бұзылатуғын болған соң, бере алмай үш кісінің құнын алып бітім қыл деген соң, Әз Жәнібек хан өкпелеп кеткені, біздің қазақта мақал болып жүрген «Қара қыпشاқ Қобыландыда нең бар еді, құлымын» деген сөз Дайырқожаның сүйегін айналып жүріп жылаған әкесі Қыдан тайшы деген кісінің сөзі. Аты Қыдан еді, Тайшы деген өлеңші, ақын дегені. Біздің қазақтың аргын атасы Қотан ақын дайтығыны осы және бұл сөзге бір дәлел аргын Жанақ ақынның уақ Жарқын биге айтқан өлеңі.

Жарқын би: “атаңда ақындық бар ма еді?” дегенде, Жанақ би айтыпты:

Алашта Арғын аға туған зерек,  
Өзгеден ол кісінің жөні бөлек,  
Арғынның түп атасы ақын Қотан,  
Өлеңге бізден ҳота болса керек.

Жоғарғы Әз-Жәнібек хан қазақты алып ауарда Ноғай атанған туысқанымыздың жақсылары қазақтың жақсыларымен көрісп амандастып жыласыпты, соны біздің қазақ домбырашылары Ормамбет хан өлгенде, он сан ноғай бүлінгенде, ноғай-қазақ айрылғандағы жылау күй деп домбыраменен бір зарлы күй тартады. Бұл Әз-Жәнібек ханға еріп қазақ атанған елдің қазақ атанбай тұрып бөлінген аргын, найман, керей, қаңлы, қыпшақ, үйсіндегі дулат деген жүрттардың көбінің ішінде бар және қазақ атанған соң да көбі белініп, ноғай, башқұрт, өзбек атандып кеткен. Мұндағы үш жүздің қазағы атандып жүрген ел сонан қалған біразғана кісінің нәсілі.

Біздің қазақтың үш жүзге бөлінгенін қазактар былайша айтады:

Әз-Жәнібек қазақты Қашқардағы Шагатай нәсіліне қаратқан соң, кешікпей сол кезде қазақты һәм көшпелі басқа елдерді Жұніс ханның Ахмет деген баласы билеп, оның ағасы Жәнеке шын аты Махмұд деген, Ташкентте үлкен хан болыпты. Сонда Ахметхан қазақтың әскерге жараулысын үшкे беліп, ұлсы жүз, орта жүз, кіші жүз деп қалмақты шаба берген соң, қалмақтар Ахметханды Алашы қойыпты. Мағынасы «Жан алғыш» дегені, оны есіткен соң Ахметхан қалмақ бұл атты қорықсан соң қойды, енді қалмақты

шапқанда «алашылап» шабындар деген соң, қазақтар алашы деп шауып, сол қазаққа ұран болыпты. «Алаш-алаш болғанда, Алашы хан болғанда, қалмаққа не қылмадық», - деп қазақтың мақтанағыны сол.

1499 жылы жоғарығы Әз-Жәнібек өкпелеген Әбілқайырдың немересі Шайбақ деген Әмір Темір Нәсілінен Бұхара, Самарқандты тартып алып, 1508 жылы Мауренаһарды алып, Ташкентті алмақ болғанда, қазақты билеген Ахмет алаш пенен ағасы Жәнеke Махмұт Ортатөбеде Шайбақпен соғысқанда, қазақтар Шыңғыс тірі қүнде де бізді Жошы ұлысына беріп еді, Шагатай біздің ханымыз емес, тәжік-сарт тұысқанымыз да емес, «өзбек өз ағам, сарт садағам» деп Шайбақ ханға қосылды. Сол соңыста Шагатай Нәсіліне қарап жүрген қазақпен жақын елдерде қазаққа қосылды. Бұл сөздің анықтығы Әбілгазы Баһадур, Аристов екеуінің кітабында да бар. Сол себептен қазақтың ауыз сөзі рас шықты. Ол уақытта Әз Жәнібектің баласы Қасым хан еді. Қол астындағы халқы бір миллиондай болды.

«Қасым ханның қасқа жолы» деген қазақтың алғашқы бітім билігін шығарған осы хан еді. Оның баласы Сығай хан болып, оның баласы Тәуекел де хан болды. 1598 жылы Сығай хан Шайбани Нәсілінен Ташкентті тартып алып, Түркістанға орнықты. Әйтсе де көшпелі халықтың қалалық жүрттү бипеуі қыын болды және бір жағынан мағолдан қысым көріп қазақтың жеріне келген қалмақтар да тыныштық бермей, Сығай ханның орнына хан болған Тәуекел хан кезінде Шайбани Нәсілдері Ташкентті қайта алды. Олардың ханы Тұрсын Мұхамед деген еді. Жоғары Тәуекел ханның орнына баласы Есім хан болды. Қазақтың еңсегей бойлы Ер Есім дейтүғын ханы осы және жоғары Қасым ханның қалған қазақтың жолын түзетіп, «Есім ханның ескі жолы» атандырған осы еді. Бұл Есім хан 1628 жылы Тұрсын Мұхамед ханды өлтіріп, Қатаған елін шапты. Бұл сөздің анығы мынау:

Шекіре түркіті жазған Әбілгазы Баһадүр хан туысқандарымен хандыққа таласып, Үргеніштегі өзбектер бұзылып, үш бөлініп кеткенде, осы Есім хан қолына келіп, тұрдым дейді. Сонда Есім хан Тұрсын ханды өлтіріп, Қатағанды шапты дейді. Жәрдем көремін дег келген хандардың жайы былай болған соң. Есім ханнан рұқсат алып қайттым дейді. Бұлай болғанда

біздің 9- ыншы атамыз Сарының қатыны Тұрсынханның қызы Қоңырбике сол 1628 жылы алып келінген болатын. Атамыз Сарыменен бір туысқан інісі Әлі деген бір сартта қызметкер болып жүргендегі, Есім хан Қатаған елінің ханы Тұрсынды өлтіріп, Ташкентті қайта алышты деген хабар келіпті. Мұны естіген соң Әлі сарттың жемге байлаған екі атына мініп, елге қарай қашыпты. Жолда келе жатып, сейілге шығып жүрген Тұрсынханның қыздарына жолығып, оларға сырын айтпай елте келіп, елден кісі алып барып, Айбике, Нұрбике, Қоңырбике деген Тұрсынханның қыздарын қанша нәкер қызы һәм жасау-жолдастарымен алып келген соң, барша киім, шатыр, сайманымен Қоңырбикені ағасы Сарыға беріпті. Сол Қоңырбикеден біздің 8-інші атамыз Кішік пenen Мәмбет сопы туыпты.

Есім ханнан соң баласы Жаһангер болды. Оны қазақ Салқам Жәңгір дейді. Онаң соң оның баласы әз Тәүкө хан болды. «Есім хәнның ескі жолы» деген жолдан кем қалған бірім жолдарды түзеткен осы еді. «Күл тәбенің басында күнде кеңес» деген жол бітім сол еді. Бұл әз Тәүкенің тұсында қазаққа Қатаған да, қалмақ та, езбек-сарт та жау болып, Ташкентті алыш, қазақ онда көп тұра алмай, 1652 жылы ауып Амударияның жағасына парсының бергі шетіне барды. Бұл әз Тәүке Салқам Жәңгірдің қатыны қалмақтың ханының қызынан туған баласы еді. Мұнан басқа Үргеніштегі Файыл ханның қызынан туған Уалибақи деген баласы бар еді. Жәңгірдің орнына әз Тәүке хан болғанда, хандыққа әкпелеп Уалибақи Файыпханға кетіп еді.

Әз Тәүкенің тұсында қазақ Амударияда тұрганда бұрын парсыға қарап тұрган Ақжар деген түрік нәсілінен бір Надър шаһ деген мықты кісі шығып, парсы жохртын қаратып алғанда, қазақ сонан қорқып, қайта ауып Сырдарияға келіпті.

1690 жылдардың шамасында әз Тәүке өліп, орнына баласы Болат хан болды. Ол келгенде қазақтың бұрынғы орнына қалмақ иеленіп қалған екен. Сол тақырыпты жанжал-тәбелес болып, акырында 1723 жылы қазақ, қалмақ болып жиылып соғысқанда, қалмақтың бастығы Цеван Рабдан қазақтың кебін қырып, қалғанын қуып жіберген. Сонда қазақтар аш-жалаңаш, жаяу шұбап бір көлдің басына келіп көлді айналғанда сұлап жатыпты. Сонда бір ғұсақал кісі айтыпты: балалар, адам бастан кешкен жақсылықты қандай ұмытпаса, жаманышлық көргенін

де сондай ұмытпау керек, біздің бұл көрген бейнетіміздің аты «Ақтабан шұбырынды, алқақөл сұлама болсын» дейді, мағынасы «табанымыз ағарғанша жаяу жүріп, көлді айналып жатқан құн» дегені және сол жолда айтылған қазақтың ескі елеңі мынау:

Қаратудың басынан көш келеді,  
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.  
Қарындастан айрылған қыын екен,  
Қара көзден мөлдіреп жас келеді.  
Мына заман қай заман, қысқан заман,  
Басымыздан бақ дәулет ұшқан заман.  
Шұбырганда ізінен шан борайды,  
Қаңтардағы қар жауған қыстап заман.  
Мына заман қай заман бағы заман  
Баяғыдай болар ма тағы заман.  
Қарындастан пен қара орын қалғаннан соң,  
Көздің жасын көл қылып ағызамын.

Ауып көшкенде Қаратудан көш асқанда, енесін ертіп алған бір тайлақ көшті жанап боздайды. Қарындастың, жақынын қалмақтар өлтірген жылаулар, оны жоқтап ол да зарлайды, көштің алды-артын шалып жүрген батырлар, қарауылда отырып оны көріп айтқан өлендері еді.

Біздің Әнет бабаң деген кісінің 97 жасында жүре алмай қалған жолы да осы. Бәкеңменен туысқан Қалқаманның Мәмбетейдің Мамыр деген қызы туралы оқса байлладың дег Әнет бабаңа өкпелеп Бұхара төңірегіне кеткені де осы жолының азғана алды еді. Әнет бабаның бәйбішесінің бес баласы көп Болаттар, қалмақтың оғына ұшып өлгені де сол соғыста еді.

Осы Ақтабан шұбырынды болып ауғанда ұлы жұз Бұхара, Ташкент маңына жақын қалып, орта жұз Есіл, Нұра, Сарысуға барды. Қыпшақтар онан ары Арас көлі менен Ақ тәңізге барып, Башқұрттар менен кіші жұз алшын, онан құнбатыс һәм сол түске барды. Сонда кіші жүздің ханы әз Тәуекенің бір баласы Қарт Әбілқайыр деген хан еді. Орта жүзде Болат ханың бір баласы Сәмеке хан еді. Ұлы жүзде Ұлкен хан бәрінің үстінен қарайтұғын Болат ханың Әбумұхамет деген баласы еді. Оны біздің қазақ Әбілмәмбет дейді. Аристов сөзінде, сол ауғанда

ұлы жүздің қаңлы, дулат деген топтары қалмаққа қарап қалды дейді. Қалмақпенен көбінесе ұрысқан біздің орта жүз еді. Қазақтар үш бөліндерде қуніміз туса тыныққан соң жиылып, қалмақтан ата қонысымызды алалық деп үағдаласып тарады. Қалмақтың осы зорлығынан ауып ішкөрі орысқа жақын барғандар 1731 жылдарда қалмақтан құтылуға орысқа қарамақ болды.

Мұнан кейін ұлы жүздегі Әбумұхамет хан тамам қазаққа хабар айтып жиылып қалмақпен ұрыспақ болды. Сол кезде өзіміздің Абылай хан жас бала қунінде ұлы жүзге келген кезі еді, оның мәнісі мынау:

Жоғарыда айтылған Салқам Жәнгірдің бір баласы Уалибақи хандыққа әкпелеп Үргеніштегі нағашысы Файып ханға барды деп едік, оның баласы Абылай деген бек мықты болып, жекпе-жекке шыққан батырларды өлтіре берген соң, қан ішер Абылай атанды. Оның баласы Көркем Уали, оның баласы Әбілмансұр, біздің хан Абылай дегеніміз осы Әбілмансұр еді.

Жоғарыда үш атас да Файып хан қолында тұрып хан болмай өлген. Мұның тұсында Файыптың нәсілінен хандық кетіп, жудеу тартқан соң, Әбілмансұр жетім бала қунінде қазақ елім, Сарыарқа жерін деп іздел үйсін, Төле бидің қолына келді.

Төле би басында түйе бақтырып, онан соң жылқы бақтырып, ақырында әр түрлі мінездері ұнап бала қылып күтіпті. Кімсің десе білмеймін деп, атың кім десе, сіз қойған ат атым болсын деген соң, шашы өскен киімі жыртық баланы Сабалақ деп ат қойыпты.

Бір қуні Әбілмәмбет хан қазақты жиып қалмақпен ұрысқалы жатыр дегенді естіп келіп, Төле биден соғысқа баруға рұқсат сұрапты. Төле би: «Балам, саған соғыстан жылқы жақсы емес пе?» десе, «Желкілдеген тудан, жер қайысқан қолдан қалғанша жігіт адамның өлгені жақсы» деген соң, Төле би рұқсат беріпті. Барса қазақ пен қалмақ екі төбөгө жиылып, ортасында қалмақтың Ғалдан Церен ханының қүйеуі – Хонтахы деген әскер басының баласы Шарыш деген батыр қазақтан жекпе-жекке батыр сұрап жүр екен.

Әбілмансұр Әбілмәмбет ханға барып: «Тақсыр, бата берсеңіз, мынаған мен барайын» дегендеге, хан бата берген соң, Шарышқа қарай: «Абылай! Абылай!» деп ұран салып барып, Шарышты өлтіріп, басын кесіп алып, «Жау қашты!» деп айғай салған соң, қалмақтар қашып, қазақтар бір жерге келіп хан шатырын құрып Әбілмәмбет

Әбілмансұрды қасына отырғызып: «Шырағым сен кімсің? Абылайлап шапқаның қалай?» десе, «Мен қан ішер Абылайдың немересі едім, соғыста жолы болған атамның атын ұран қылдым» дейді. Сонда Әбілмәмбет хан: «Қарағым, бауырым!» деп құшақтап сүйіпті де халыққа айтыпты: «Баяғы Уали бақының нәсілінен жалғыз бір бала қалды деп естіп едім, бұл сол екен, сіздер ұнатсаныздар, үлкен хандық осының орайы еді» деп, халыққа ұнап, үш жүзден тоқсан жақсылар ертіп барып, өздері қасиетті көретүғын Арғын, Шақшақ нәсілінен Жәнібек деген кісіден бата алып, Әбілмансұрды үлкен хан қойыпты, Абылай атанғаны Абылайлап шапқаннан болды. Абылайдың хан болғаны 1735 жылдың маңайы болар.

Сонан соң біздің орта жүздің жақсылары, «Бұрын үлкен хандар ұлы жүзден болушы еді, бұл ханды өзіміз сақтаймыз, қалмақпен кеп соғысатын да біз» деп Төле биге сый алып барып, Әбілмансұр – Абылай ханды алып келіпти.

1741 жылды Ташкенттегі қалмақтың ханы Ғалдан Церен: «Қайда болса да Абылайды тірі ұстап алып кел, Шарыштың орнына елтіремін» дегі, отыз мың әскерменен Жалбы деген батырын жіберіпті, осы Шыңғыс пenen Тарбағатай тауының тау арасындағы жолдарымен жүріп еді. Содан сол жолдар Жалбы жол атанған. Жалбы батыр іздел барып, Ұлы тауда аңда жүрген уақ Өтеген батырды ұстап алып, Абылайды сұраса, ол айтпайды. Абылайды ұйықтап жатқан жерінде ұстап алып, екеуін Ғалданға алып барыпты.

Өтегенді зынданға салып, Абылайды есекке мінгізіп қорған құзеткендердің қасына қойыпты. Орта жүздің қазағы Абылайды алып кетті деп кіші жұз ханы Әбілқайырға барған соң, ол Абылайды қай жолмен босса да Ғалданнан босатып алып бер деп орыстың Неплюев яки Нефелдеев деген жандаралына айтыпты. Ол Абылайды сұратып Ғалданға Миллер деген майорды жіберіпті. Және қазақтар өзіміз де сұраймыз деп, үш жүзден өңкей жақсылары да барыпты.

Ғалдан оларға жауап бермей, әлденеше күндей қонақ қылып, бір күні хан ордасына қазақты да, орысты да жиып, Абылай мен Өтегенді алып келіп, Өтегенді кісенімен босағаға тастап, Абылайға: «Мен сені Шарыш сықылды батырдың орнына өлтіремін, не арманың бар?», - деді.

Сонда Абылай: + Тақсыр, менің үш арманым бар! Әуелі мен Шарышты қазақ пен қалмақтың қан майданында өлтірдім. Сіз мені

ұйқыда ұстап алып өлтіргелі отырсыз, қазақ пенен қалмақтың қан майданында өлсем арманым жоқ еді.

Екінші, қазақ орнықлай жүрген ел еді, бір жерге орнықтырып, отырықты өмірге кіргізіп өлсем армансыз едім.

Ұшінші, төрт атадан бері жалғыз едім, осы күнде өліп кетсем не бала, не бауырым жоқ, дүниеге келмегендей боламын ғой», – дегенде, Галдан хан тәмен қарап, отырыпты да қасындағы уәзіріне: «Мынаның сөзінің бәрі рас, әсіресе соңғы сезін қараши, мен де төрт атадан бері жалғыз едім, осы күнгі жалғыз балам Әмірсана өліп кетсе, мен де тұқымсыз кеткенім дағы», - деп қалмақ тіліменен айтқан екен.

Абылай хан алдияр деп, қол құсырып тұра келіпті. Галдан хан Абылайға: «Сен неге алдияр дедің? Мен сені өлімнен босаттым ба?» -десе, «Тақсыр, жалғыз балаңызға ұқсатқаныңыз босатқаныңыз ғой, мен қалмақша тілді білемін», - депті.

Галдан хан Абылайдың сөзіне разы болып, Әмірсана екеуін дос қылып, қазаққа, орыстарға да қанша сый беріп, Абылайға Қундебау деп бір өз нәсілінен жетім қызы беріпті. Қундебау дегені үзілмес достық дегені. Сол қыздың бір кішкене інісі аласынан қалмай жылаған соң, оны да Абылайға беріп, өз бауырындей көр деп тапсырган екен. Абылай оның атын Махмұт қойыпты. Біздің қазақ Мәмет дейді. Оның баласы Бөлішке, Бөлішкенің баласы осы күнгі Мәмбетай, Мотыш ішінде Шыңғыс хан, Семейхан төрелер.

Галдан хан Абылайды босатқаны 1743 жылы еді. Сонда Абылайдан Галдан хан үш сөз сұрапты.

Бірі, елінде қой көп бола ма депті. Абылай көп десе, қойшы өтірікші, қой ұры деген сөз бар еді. Еліңнің ұсақ жанжалы басылмас депті.

Екінші сөзі, елінде сиыр, жылқы көп пе депті, Абылай көп десе, ендеше, елің еңбексіз, сүт пен қымыз ішіп, ет жеп, балалары ақымақ туады десенші депті.

Ұшінші елің егін сала ма десе, салмайды депті. Олай болса жер емшегін ембеген ел әлде болса неше аударылып қозғалып жуырда орнықпас депті.

1754 жылы Галдан хан өлген соң, қалмақтар өз ішінен бүлініп, қытайлар қалмақты шауып быт-шыт қылды, қалмақтың бүл бүлінгенін Аристов кітабында тибет пенен манғолдың

алалығынан болды деп жазады.

Біздің қазақ онан гөрі бір түрлі сөз айтады. Ол мынау: Галдан ханның қатыны Әмірсананың шешесі қытайдың Ежен ханның қызы екен, оны аларда Галдан өзі бармай, бірталай сыйменен жақсы кісілерін жіберіпті, Ежен қысты құні ұзатқан екен. Жолда қыс жаман болып, неше қундей боран соғып, әбден өлөр болып, адасып жүргенде Алатауда қанша батырларыменен жол тосып батырлық қылып жатқан ұлы жүздің Төлекей деген батырына жолығыпты.

Төлекей оларды екі-үш құн қонақ қылып, еліне бар десе, қыстың жамандығынан кете алмай, Төлекейге жалынып, қыстай тұрып, жаз шыққанда кеткен екен. Сонда қыз Төлекейден буаң болып, барып Әмірсананы тапты деген өсек болған екен.

Галдан хан өлген соң, өзге ағайынның балалары сол сөзді сылтау қылып, Әмірсана қазақтың баласы деп хан қоймай, қалмақтың көбі өзгелеріне болысып, хан қойған соң, Әмірсана нағашысы Ежен ханға барыпты. Ежен хан бұл жақтағы шеткі қытайдың бастықтарына қалмақты Әмірсанага қаратып бер десе, қытай келіп қалмақты шауып быт-шыт қылып, тоздырып жіберген соң, Әмірсана елімді тоздыр дегенім жоқ деп, қытайдың әскерімен жауласып, қашып Абылайға келіпті. Абылай қытай келіп қала ма деп, жер шала үш мың кісісіменен барса, осы Аяғөз өзенінде қытайдың сансыз көп әскеріне жолығыпты. Нағылып жүрсің десе, Әмірсана сенде, соны бермесен, қазақты шабамыз деген соң, не қыларын білмей, Әмірсананы үш қунге шейін тауып бермек болып, қайтып келіп, қытай әскері жоқ десе, Әмірсана Абылайға, сен Қытайға жолықтың, бірақ мені берерінді, қазақты шапқызырыңды білмей отырсыңғой. Мені қытайға бер, бірақ екі сөз айтайын, әуелі мені алдың деп хат берсін, соған тоқсан жақсы кісісінің бармағын сиялап, мер орнына басқызып ал. Мөрден танар, қол сызығынан тана алмас. Екінші, мен де хан баласымын ғой және Еженнің жиенімін ғой, өз алдына алып барғанша байламай, күзетіп бос алып бар деп тілек қыл дейді. Абылай хан Әмірсананың айтқанын қылды да, Қытайға берді. Былай шыққан соң, үш құн жетпей, Әмірсана бір тұманды тұні қашып кетіп және Абылайға келген соң, Абылай ұстап тұра алмай орыстың Екатерина Вторая деген қатын патшасына жіберді. Қытайлар қайта келіп сұраса, Абылай өздеріңе бергенмін деген соң қайтып кетіпти.

Орыс патшасы Әмірсанана қалған қалмақтарды қаратып бер деп көп әскер қосып жибергенде жолда Әмірсанана шешек шығып өлген соң, орыс әскери қайтып кетілті.

Жоғарыда айтылған 1723 жылы қалмақтан жеңіліп, ақтабан шұбырынды көріп, орта жүз Есіл, Нұра, Сарысуға барғанда, біздің тобықты Орынбордың бергі жағында Ордың қара аңашына барған. Онан да ары барған кіші жүз қазағы орысқа қарамақ болыпты деген соң, соナン қорқып тобықты көшіп, Үрғызы, Торғай өзендеріне келген, сонда біздің 4 – атамыз Үрғызбай менен інісі Торғай туып, аттарын сол өзен атыменен қойыпты. Онан және бері қарай көшіп, Мамәй батыр бастап осы Қекен орда, Догалаң тауларының ортасына келіпті. Сол кезде орта жүз де орысқа қарамақ болды дегендеге, Дадан тобықты Қараменде бидің біздің Қенғіrbай биге сәлем айтқан өлеңі мынау:

Басында сырдан шығып Orga келдік,  
Табан тиіп жүре алмай, зорға келдік.  
Қол алдынан құрулы талқы деген,  
Бұл жаққа баққа келмей сорға келдік.  
Сәлем де Қенғіrbайға кеп кетелік.  
Мықты сабаз атанды төрлетелік.  
Мұсылманның жұртына мәндай қойып,  
Аты жақсы дариядан ары өтелік.

Біздің тобықты мұнда келген кезде бұрын келіп қалмақты құған найман, матаілар Шыңғыс бөктерінде екен. Уақтар Ертіс жағасында екен. Тобықтыны азып-тозып келген ел деп мәтайдар малына зорлық қыла берген соң тобықты матаіменен жанжалдасып, бұрынғы арғынның ата қонысы Шыңғысты өзіміз аламыз деп, матаиды қуып Шыңғысқа орнықты. Бұлар мәтайдар әуре болып жатқанда, уақтар Қекенге келіп қонған соң, Қенғіrbай би кісі жиып барып уақты қуып жиберіп, осы күнті Қенғіrbайдың «Тас үйген» деген жерге барып қоныпты. Уақтар Қекеннен тобықтыны шығара алмаған соң, өздерімен көрші қазак-орыстан кісі жиып алып, келіп Қенғіrbайдың ауылын шаппақ болған соң, Қенғіrbай би: - «Мен арғынның жақсыларына хабар жибердім. Арғын менен уақ ортасына бөлік салып бітелік деп тоқтатып қойып, түн болғанда тәбе басына кісі сықылды қылышп көп жерге тас үйіп, өзі түнде көшіп кетілті. Ертең уақтар қараса тәбенің басы толған

кісі болған соң, бізді алдал жасаққа кісі жыйған екен деп, шолғыншы жіберіп бәрі тас екенін біліп қайтыпты. Сөйтіп тобықты Шыңғыс тауына ие болған.

Біздің қазақтың ескі сөзінше: бұл Шыңғыс тауының Шыңғыс атанғаны баяғыда Шыңғыс хан тамам могол-татарды алып үлкен хан болғанда, осы Шыңғыс тауында қол астындағы елдердің тап басы бектері келіп, мына Қарауыл өзенінің қуншығыс жағындағы хан биігінің басына ақ кигізге салып хан көтеріп Шыңғысты алып шыққан, сонда ұлы жүз қазағынан үйсін Майқы би барған екен. – «Түгел сөздің түбі бір, тұп атасы Майқы би» деп мақал болған кісі. Және Орта жүзден Қоңырат Сенғеле би барған, сонда Шыңғыс хан бектеріне ұран, құс, ағаш, таңба беріпти.

Ұлы құсың – бүркіт болсын, ағашың – қара ағаш болсын, ұраның – салауат болсын дегі. Орта жүз Сенғеле биге – ұраның – қоңырат, құсың – сұңқар, ағашың – алма, таңбаң – ай болсын дейді. Ай таңба – Шыңғыс ханың шын аты Теміжін еді, сол үлкен хан болғанда Шыңғыс қойды. Мағынасы – бек мықты, зор деген сөз.

Бұл таудың аты Шыңғыс атанғаны сол, ана биіктің хан биігі атанаң, осы біз қыстап отырған өзенінің хан өзені атанғаны бері де сол Шыңғыс хан атыменен Әбілғазы хан сөзінше бұл таудың бұрынғы аты Найман күре болса керек.

Жоғарыда айтылған қалмақ бүлініп, хандығы жоғалған соң, бұрынғы қалмақтан қашып кеткен қара қырғыздардың кебі қайта үлкен Алатаудағы орнына келді. Ұлы жүз қазағы қунбатыс Алатаудан Қаратал өзеніне шейін өз орнын алды. Орта жүзден керей менен найман Тарбағатайға келіп, ақырында қытай жеріне де кіріп, найманның шеті Ебінор басына шейін барып, керей Қара Ертіске барды.

1757 жылы Абылай хан мен Әбілмәмбеттің баласы Әбілпейіз хан Пекин қаласындағы қытайдың ханына барып, қытайға қарап тұрмақ болып, Ван атанаң келді. Мағынасы – орысша вассальный князь, қазақша ішін өзі билеп, сыртанан қытайға есеп болмақ, қытайға жүз жылқыдан бір жылқы, мың қойдан бір қой берсе, қалмаққа қараған жердің бәрін де иеленіп қыстап көшіп жүрмек болды.

1765 жылы орыс патшасымен ынтымақтасып, Ертістің бер жағында он шақырым жерден бөлік қылып, онан ары өтіп барған қазақтан жер хақына орысқа мал төлемек болды.

1766 жылы Абылай хан мен Әбілпейіз хан ұлы жүзге болысып, Ташкентте қойған Қоқан ханының бегін құғалы барған. Басында соғысып ақырында Ташкентті босатып алған тойда Абылай ханға еріп барған біздің 4-атамыз Үргызбай палуанға түсіп, атақты Қоғыраулы палуанды жығып, палуан бәйгесіне тіккен көп астықты алғып барған әскер азық қалыпты.

1780 жылы Жұніс қожа деген ұлы жүзді жеңіп, Ташкентті алды. Жұніс қожа өлген соң, 1810 жылы Ташкент те Қоқан ханына қарады.

Сөйтіп Абылай хан орыс патшасына сүйеніп қазақты отырықты ел қыламын деп жүргенде, арғын Бекболат би болымсыз нәрседен Абылай ханды өкпелеткен соң, Абылай хан ұлы жүзге кетіпті. Оның себебі мұнау:

Бір тойда қазақтың бір қадірлі байының жалғыз баласы Абылай ханың немересін хан баласы екенін білмей қамшымен ұрса, басынан тымағы түскенде, хан баласы киетуғын белгілі оқалы тақиясы көрінген соң, Бекболат би «шырағым, кеш» деп Абылайға білдірмей қойыпты. Артынан Абылай хан естіп, «сол ұрған бай батшаны берсін, ханда қадір болмаса, қарада ұят қалмайды» деп Бекболатқа кісі жіберіпті. Бекболат өз баласы Тіленшіні ханға жіберіп, «не мені алсын, не сұраган жігітті алсын» десе, Абылай хан «бұл Бекболаттың мені қазақтың бір баласы құрлы көрмегені ғой» десе, Тіленші Абылайға «Түйенің өзі түйе, құмалағы да түйе бола ма» деп қарсы сөз айтқан соң, «мынаның мені түйеге ұқсатып, баламды құмалақ дегенін» деп Тіленшіні ұстап алғып ұлы жүзге қарай көшіпті. Артынан Бекболат барғанда, Абылай хан «неге келдің» десе, «баламды бер, балама келдім» деген соң, Абылай хан: «Бекболат, сен мені іздел келді ғой десем, ханың қадірі менен қазақтың елдігін жоғалтайын деген екенсің, баланды ал да кет» - деп ұлы жүзге кетіп, сонда өлді. Абылайдың дәл қай жылы кеткенін біле алмадым, олай да болса қисыны 1788 жылның орайы болар.

Абылай хан кеткен соң, орта жүзге қырық сан Барақ хан деген болса керек, оның баласы Бекей хан болған, бұл кіші жүздегі Бекей хан емес. Сол Бекейге орыстың Александр Павлович деген патша түсында әскер басы Глазунов деген кісі 1811 жылы хат жазғаны бар, орта жүздің хан атанғанының ең соңы – Тұрсын Шыңғысұлы, Бекей немересі Қарқаралыны билеген. Содан соң хан деген біржолата қалып, қазақтан аға сұлтан сайланғаны бұл Тұрсын

ханнан бұрын 1822 жылы еді.

Қазақтың ең әуелі орыс законына қарай бастағаны сол. Оナン кейін 1824 жылы да қырда округ ашылып, басында бес жылға шейін алымнан азат болып, онан соң жұз малдан бір мал алым берді. Ақырында 1868 жылы жаңа закон шыққан соң, қазақ бір жолата орыс законына қарады.

Біздің қазақ басынан көшпелі болып ат үстінде жүрген халық қала болғанша мола бол, арық аттаған аштан өлеңді деп, отырықты өмірді жамандап, ер азығы елде, еріккендер қолда деп барымташылықты мақтап, тұрақсыз қазақтықпен күн кешкен жүртпайз...

(Шекерім ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ «Түрік, Қазақ, Қырғыз һәм хандар шежіресі» Олжас баспасы, Алматы, 2004 ж.).

## **1. ҰЛЫ ЖҰЗ**

Ұлы жұз-қазақ халқының этникалық құрамына енген рулар мен тайпалардың саяси-экономикалық және мәдени бірлестігі. XV-ғасырдың екінші жартысында Жетісуда Қазақ хандығының құрылуы Ұлы жұз бірлестігінің қалыптасуын тездettі. Осы кезден бастап бұл бірлестікке қазақ жеріндегі қылышты, тарихи кезеңдерден өткен жалайыр, қаңлы, албан, суан, дулат, шапырашты, сіргелі, шанышқылды, ысты, ошақты, сары үйсін, қатаған тайпалары ене бастады. Ұлы жұз құрамына енген тайпаларды халық «Ұлы жұз үйсін» деп атады. 1723 жылы жоңғарлар жойқын жорықта аттанып, Ұлы жұзді басып алды (Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама). 1733 жылы Ұлы жұз елшілері Арапбай мен Оразгелді Ресейге барып, сыртқы жауға қарсы куресте орыс патшасынан көмек алуға тырысты. 1734 жылы 20 сәуірде Ресей патшайымы Анна Иоановна Жолбарыстың атына арнайы грамота жолдады, бірақ Ұлы жұз бен Ресей арасы шалғай болғандықтан, саяси байланыстар тоқтап қалды. XIX ғасырдың бірінші жартысында Ұлы жұзге қараған оңтүстік аудандарын Қоқан хандығы басып алды. Әулиеата (Жамбыл), Сайрам, Шымкент, Түркістанды мекендеген Ұлы жұз рулары 1821 жылы Қоқан үстемдігіне қарсы бас көтерді. Олар Шымкент пен Сайрамды бағындырғанмен, күші басым Қоқан әскерлеріне төтеп бере алмады. Қоқан хандығынан қысым көрген Ұлы жұз қазақтары біртінде Ресейдің қол астына өте бастады. 1837-1847 жылдары Ұлы жұз қазақтарының бір бөлігі Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісті қолдаса, келесі тобы оның жасақтарының озбұрлығына қарсы шығып, қырғыздармен болған шайқастан кетіп қалды. Осыдан кейін-ақ патшалық Ресей Ұлы жұз қазақтары аумағындағы экспансиясын қүштепті. 1849 жылы Іле мен Қаратал аралығын, Балқаш келінің жағалауын қоныстанған 59 мың Ұлы жұз қазақтары Ресейдің қол астына өтті. Ұлы жұз қазақтары Ресейге толық қарағаннан кейін Түркістан генерал-губернаторлығына бағынды да, Сырдария облысы мен Жетісу облысын мекендеді. XIX-ғасырдың соңы мен XX-ғасырдың басында Ұлы жұз қазақтары, негізінен, Жетісу облысының Қапал, Жаркент және Верный уездері мен Сырдария облысының Әулиеата, Шымкент және Ташкент уездерін мекендеді. XX-ғасырдың бірінші жартысында болған ұлт-азаттық

көтерілістерге, азamat соғысына, ашаршылық жылдарындағы жағдайларға тап болған Ұлы жұз қазақтары едәуір шығынға ұшырап, біраз белігі көршілес елдерге көшуге мәжбүр болды. Қазіргі таңда Ұлы жұз ру-тайпаларының екілдері тек қазақ халқы ретінде ғана танымал. (Д. ЖҰМАШ. Қазақстан, Ұлттық энциклопедия. 9-том, Алматы, «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007)

## ҚАҢЛЫ

Қаңлы біздің заманымызға дейінгі 2 ғасырда Қангют деген атпен белгілі болды: олар даусыз Сырдария өзенінің бойын жайлаған түркі тайпасы. Самарқанд, Әұқара және Хорезм жерлері қаңлыларға қарады. Біздің заманымыздың басында ғұндармен бірге үйсіндер мен қытайлықтарға қарсы соғысты. VI-шы ғасырда қаңлылар төрт дөңгелекті арбаларымен әйгілі болды. X-ғасырда қаңлылардың ішінен XII-ғасырдың екінші жартысы мен XIII-ғасырдың алғашқы бөлігінде Сырдың жоғары жағы мен Кіші Азия аралығында билік құрған әйгілі Салжұқ әулетінің негізін қалаған Салжұқ деген шықты. XI-ғасырдың басында осы тайпаның Қайы-Қаңлы деген тармағы Арменияға қоныс аударып, сол тармақ XIII-ғасырда болашақ Осман империясының үйткысы болды. XII-ғасырда түркі ханы қарақытайларға қаңлы мен қарлұққа қарсы көмектесуді сұранған кезде қаңлылар Шу бойынан көрінеді. X-ғасырда Мауаран-Нахрды жайлаған қалың түркінің дені қаңлылар еді; осы кезден Мауаран-Нахр аймағы Түркістан атала бастады.. Хорезмшахтар кезінде Түркістандағы билік қаңлылардың қолында болды; Хорезмшатың шешесі Түркен қатын қаңлы еді. Оның жиені Отырар бекінісінің бастығы Қайырхан кей адамдардың айтуынша Шыңғысхан шабуылының себепкері. Хорезмшатың Шыңғысханға басты құштері қаңлылардан тұрды.

Қаңлылар жерімен XIII-ғасырдың ортасында жүріп өткөн саяхатшылар Плано-де Карпини мен Рубрух олардың Сырдарияның төменгі ағысы мен Қарақұмда деп жазады. Ал Темір жорықтарының жазбапарынан олардың XIV-ғасыр соңында Сырдария мен Таластың аралығында тұрып, Жошы ұлысына қарайтынын көреміз. XVII-ғасыр басында Ташкент үезінде тұратын қаңлылар

мен қатағандарды қазақ ханы Тұрсын дербес басқарды. (Мұхамеджан ТЫНЫШБАЙҰЛЫ « Қазақ халқының тарихына қатысты материалдар» кітабынан үзінді, Ташкент қаласы, 1925 жыл. ).

\*\*\*

Қаңлы-қазақ халқының негізін құраған ежелгі тайпалардың бірі. Шекіре бойынша Ұлы жүз құрамына енеді. Қаңлылардың атасы Майқы би болып саналады.

Қаңлылар сары қаңлы мен қара қаңлы болып екіге бөлінеді. Ұлы жүздің Тебайден басталатын шежіресінде Тебайден-Бәйтерек, одан-Қаңлы, одан –Қанкөжек, Келдібек таралады. Келдібектің бірінші әйелі Сары бәйбішеден-сары қаңлы ұрпақтары, ал екінші әйелінен қара қаңлы ұрпақтары өрбиді. Жетісу қаңлылары да сары қаңлы, қара қаңлы болып бөлінеді. Жетісуды қоныстанған қаңлылардың кейбір рулық тобы ақ қаңлы және қызыл қаңлы деп бөлінеді, соңғылары сары қаңлының бір тармағы-Төлқожа атасының ұрпақтары болып саналады. Ұраны-«Бәйтерек», «Айрылмас», таңбасы-кесеу.

## **СІРГЕЛІ**

Сіргелі-Ұлы жүз құрамындағы 11 арыс елдің бірі. Қазақтың барлық шежіре деректерінде үйсінмен бірге туған. Ақарыс – Кейкі –Төле би-Майқы –Бақтияр, одан Ойсыл, Үйсін. Диқанбай батырдан жазып алынған Н. Аристов шежіресі бойынша Сіргеліден: Байжігіт, Қарабатыр, Батыр, Үштаңбалы, Айт-Бозым, Елубай, Төрттаңбалы, Жаңабай. Ақкөнірдек, Қаракөнірдек те сіргеліден тарайды. Ал Б. Бақтияровтың Спандияр шежіресінен жазған талдаудың Ойсылдың 30 ұлынан қалған үш ата: Әтеп (Тутаңбалы), Байлы, Бораш. Байлыдан Рысби одан Ақсиық, Қожасиық, Құлышық, Қарасиық, Бұл төртеуі Сіргелі аталағы. Бораштан Қенірдек, Қайшылы. Әтептен Қарабатыр, Батыр, Айт-бозым рулары тарайды. Н. А. Аристовтың шежіре жазбасында Сіргелі-Оңтүстік Қазақстанды мекендерген ежелгі тайпа. Мұның құрамындағы Айт-бозым руы Албан тайпасында Айт, Бозым делініп екі ру аталағы. Таңбасы-мұрындық, сірге. Бұдан өзге де таңбалары бар.

## **ЖАЛАЙЫР**

Монгол тарихшысы Санан-Сесенниң айтуынша жалайырлар монгол арасындағы Еке монгол (ұлы монголдар) атты күшті бірлестік құрамында болған. Әуелден Шыңғыс хан жағына шығып, оның Қытай, Тибет, Туркістан мен Персия жорықтарына қатысады. Шыңғыс ханнен әйтілі қолбасшысы, Қытай тізе бүктірген Мұқылы-Гауин жалайыр руынан еді. Шыңғыс хан кезінде және кейінрек Жалайыр төрт топқа бөлінді. Біріншісі-Монголия мен Қытайда қалды; екінші –Жошы балаларына беріліп, барлық аңыздар бойынша Шу өзенінің орта ағысынан Шығысқа қарай орналасып, Шуманақ деп аталады; үшінші тобы –Шыршық пен Әңгрен бойын жайлагандар тарихта Жалайыр ордасы (екінші аты Сырманақ) атымен белгілі; төртінші топ-Хулагу ханмен Парсыға етіп кетті.

Темір билікке араласа бастаған кезде Жалайыр ордасы оған көмек берді, бірақ 1370 жылды Темірмен жау Дулаттар жағына шығып кетті де, сонысы үшін Ақсақ әмірдің қаһарына ұшырап ыдырауға тусты. Парсыдағы топ Ирандағы билікке араласты. Жалайыр әuletі Солтүстік Парсыда патшалық құрып, бір кездерде тіпті Бағдатта да әмір жүргізді. Жалайырлардың негізі бөлігін 1370 босқын Сырманақтар келіп қосылған Шуманақтарды құрайды.

Жалайырлар барлық уақытта да Ақ орда атымен белгілі Жошы ұлысының шығыс жағын мекендеді. Темірдің кезінде Шуманақтар Орыс хан мен оның ұлдары әскерінің ұтқысы болды. XV-XVI ғасырларда да олар сол жерлерді мекендеді.

1558 жылды Ондан сұлтанның ұлы Ораз Мұхаммед пен оның қараша бегі жалайыр Қадырғали Сібірде орыс тұтқынына түсіп, Мәскеуге жөнелтілді. Қадырғали бек Ораз Мұхаммедтің шежіресін жасады. Шамасы осы кезде жалайырлар Ұлытау мен Көкшетаудың маңында болса керек. 1723 жылдың ақтабан-шұбырындының алдында, олар қайтадан Шу өзеніне оралады. Жалайырлар қалмақтардың шабуылы кезінде Бетпақдалаға қашып кеткенге ұқсайды. Жоңғарларды қуға жалайырлар көп үлес қости. 1757-58 жылдары Аяғөз өзенінің төменгі ағысын мекендеп, сол жерден Қапал уезіне ауысып, Қаратал, Іле бойына орналасты.

(Мұхамеджан ТЫНЫШБАЙҰЛЫ кітабынан алынған).

## **САРЫҮЙСІН**

Сарыүйсін – Ұлы жұз құрамында болған көне тайпа. Қазақ шежіресі бойынша Абақтың немересі Бәйдібектің бәйбішесі – Сарыбайбішеден өрбіген ұрпақ. Жалайыр Спандияр шежіресінде (жинаған Б. Бақтияров) Сарыбайбішеден Байтоқты – Мырзатаз – Жақыпқалша (Жездем Қалша)-Сарыүйсін, ал А. Нұрбеков жинаған шежіреде Сарыбайбіше қызынан туған жиені Сыйлықсарыны асырап алады, оны ел «Сарыүйсін» атап кетеді. Одан Қалша, Жақып; Қалшадан Қайы, Сопы; Жақыптан: Баба, Жаулантай, Жанай, Солтанқұл. Елелден жазба деректерде есімі әйгілі Үйсін тайпалар одағы б.з. III-ғасырда сақтардың тайпа одағына өнген. Масудидің «Тарихи Әблілқайыр ханында» Жетісу тұрғыны ретінде үйсіндер де аталады. Орта Азия халықтарының этногенөзінде Үйсін ереулі ықпал жасады. Мысалы, Қырғыздың Солты тармағында усон, Кесек тобында Сарыүйсін, Бағышында Күтчүі мен Бостанында қазақтың Сарыүйсіндегі Қалша атасы бар. Үйсін Қарақалпақ құрамында да кездеседі. Оның Қытай тайпасында Сарыүйсіндегідей Қырық деген рудың болуы мұны дәлелдей түседі. Ұлы жүздің жалпылама атауының Үйсін болуы да Сарыүйсіннің ежелгі тайпа екенін білдіреді.

1897 жылы санақ бойынша Сарыүйсін 1700 тұтін, екі болыс ел болған. Мекендері: Сарытауқұм, Мойынқұм, Шуга құйылатын Құрақатты өнірінің бойы. Сарыүйсіннен Сарыби шешен, Алтай шешен шыққан. Сарыүйсін туралы революцияға дейінгі этнографтар –П. И. Рычков, А. Левшин, Ш. Уәлиханов, Н. Абрамов, В. В. Радлов, Н. А. Аристовтың зерттеулерінде айтылады. (Кожабекұлы Байзак АЛБАНИ «Тарихи таным» Алматы: Ататек, 1994 жыл.).

## **ЫСТЫ**

Ысты-Ұлы жұз құрамындағы 12 тайпаның бірі. Шежіре деректері бойынша Бәйдібектің баласы Жалмамбеттен тарайды. Сыланды анадан-Ысты, Ошақты. Ыстыдан Жауатар, одан Ойық, Тілек, Көкшекөз, Ауызусіген, Сәтек. Бұлардың ішінде ру болғандары-оыйқ, тілек, ауызусігеннен тараған-таз. XII-ғасырда қазақ жерінде Шу мен Талас бойын мекендеген. XV-ғасырда Қазақ хандығының құрамына енген. Содан кейін өзге тайпалармен араласып, біраз бөлігі Ілеңің сол жағалауын қоныстанады. Әулиеата, Шымкент, Верный уездерін де мекендеген. Аты аңызға айналған шешен әрі батыр Белтірік Әлменұлы, жонғарларға қарсы қүрескен Бәрібай батыр ыстыдан шыққан. Таңбасы-кесеу, ұраны-«Жауатар». («Қазақстан тарихы», «Аруна», Алматы, 2010 ж.)

## **ОШАҚТЫ**

Ошақты-Ұлы жұз құрамындағы тайпа. Ол байлы (немесе байназар), қаңыр (койназар), аталық (немесе бекназар), тас жүрек (ақназар) секілді рулар бірлестігіне бөлінеді. Байлыдан –сүзік (созақ), байсары, қасқа, қабыл рулары; қоңырдан-шуылдақ, алданар, жамантымақ, түлікші рулары; аталықтан –орак (тертауыл, қарсақ), жалмәмбет (берді, сүгір, тәбет, тас) рулары таратылады. Ал тас жүректен он екі ру тарайды: қосақ, солақай, сейіт, тоқтауыл, қараман, келмембет, бөлек, тас, тілеу, қайғы, таз, кенже. Талас өзенінің төменгі ағысын қоныстанған. XIX-ғасырда көпшілік рулары Әулиеата уезін, біраз бөлігі Шымкент уезін қыстаған. Ошақты тайпасының ұраны-«Бақтияр», таңбасы-тұмар.

## **ШАПЫРАШТЫ**

Шапырашты-Ұлы жұз құрамындағы көне тайпа. Шежіре деректеріне қарғанда, Абақтан тарайтын Бәйдібектің екінші әйелі Зерілтен-Жалмамбет, одан-Шапырашты, Ысты, Ошақты. Диқанбай батырдың шежіресінде Шапыраштыдан-Асыл, Шыбыл, Екей, Еміл,


Есқожа, Айқым. Бұларды «бесшам шапырашты» деп те атайды. Одан тараған рулар Іле Алатауының бектеріндегі Түрген, Талғар, Алматы, Ақсай, Қаскелен, Қарғалы, Жаманты өзендерінің бойын жайлап, Іле бойын қыстаған. Шапыраштыдан Қарасай, Қашке, Бөлек, Жәпек, Байторы, Байқұлақ, Сұраныш, Саурық, Сыпаратай, Қараш, Қаумен, Қасқары, Қазбек, Қастек, Наурызбай, Сатай сияқты даңқты батырлар, Жамбыл, Сүйінбай, Үмбетелі сияқты ақындар шыққан. Ұраны-«Бақтияр», «Қарасай», таңбасы-ай, тұмар.

## **АЛБАН**

Албан-қазақ халқын құраған ежелгі ірі тайпалардың бірі. Қазақ шежіресінде Албан Үйсіннің Байдібек тармағынан тарайтын Дулат, Суан, Шапырашты, Ошақты, Ысты тайпаларының ағасы болып есептеледі. Шежіре деректері бойынша Домалақ анадан (Нұрила) жалғыз ұл болған. Оның атын Тілеуберді қойып, Жарықшақ атандырған, себебі бала тұғанда жарық шеке болып дүниеге келген. Содан оны алғашында Жарық шеке, кейінрек Жарықшақ деп атап кеткен. Сол Жарықшақтан үш ұл –Албан, Суан, Дулат тарайды. Албан, негізінен, Сары және Шыбыл деген екі ру бірлестігіне бөлінеді. Сарыдан-Сүйеркүл және Сүйеменді. Албан тайпасынан аттары азызға ғимәлған Шоган, Жұмак, Қожағұл сынды әділ билер, Хангелді Тұкекұлы, Райымбек, Рыскелді, Тәлесұлы, Байсейіт, Диқанбай Қажаланұлы, Малайсары, Онқа, Мамай сияқты батырлар шыққан. Албандардың ұраны-«Райымбек», «Байдібек», таңбасы –дөңгелек.

## **СУАН**

Суан-Ұлы: жұз құрамындағы ежелгі тайпа. Шежіре деректері бойынша Байдібектің екінші әйелі Домалақ анадан-Албан, Суан, Дулат. Суаннан Бағыс, Байтүгел, Тоқарыстан. Бағыс Ханбағыс, Досбағыс, Есбағыс деген үш ата болып, Қазығұрт тауының түстік бетін қоныстанады. Тоқарыстаннан-Мұрат, Орыс, Тұрлембет. Байтүгелден –Жылгелді, Елтынды. XIX-ғасырдың бірінші ширегіндегі құжаттарда Суан Тоқарыстан Байтүгел, Бағыс, Жесегір руларына бөлінген. Сол кездегі Жаркент уезінің солтүстік жағында Ілеге дейін, оңтүстігінде Көктөрек өзенінің бойын жайлаган. Байтүгел



руының қыстауы-Бұрхан өзенінің ойпаты, Өсек, Шыбжын, Қорғас өзендерінің жағасы, Алтынкөл мен Ілеңің жағасы; Тоқарыстанның қыстауы –Құмның батыс бөлігі, Іле жағалауы, Өсектің орта ағысы. Таңбасы-дәңгелек, рұлық ұраны-«Байсұан», тайпалық ұраны-«Райымбек».

## **ДУЛАТ**

Дулат, Дулу, Дулуғ, Далу, Далуғ, Доғлат-қазақ халқын құраған ежелгі түркі тайпаларының бірі. Н. Я. Бичурин мен Г. Е Грумм-Гржимайлоның жазуына қарағанда, Дулаттар б.з.б. II ғасырда өз алдына хандық құрган. Дулулар Түрік қағандығы кезінде (VI – VIII ғасырлар) бес елге бөлініп, Жетісу өлкесінде ықпалын жүргізген. XV – XVI ғасырларда дулаттардан Мұхаммед Хайдар Дулати, Махмұд Жорас, Әмір Үәли сияқты оқымыстығалымдар шықты. Қазақ шежіресі бойынша, Дулат – Ұлы жұз құрамына кіретін ірі тайпалардың бірі, Н. А. Аристовтың Ботбайдан шыққан Диқанбай батырдан (1876 ж. ө.) жазып алған шежіресі бойынша, Үйсін Бәйдібектің үшінші әйелі Домалақ анадан (Нұрила) Жарықшақ туады. Жарықшақтан Албан, Суан, Дулат болып тарайды. Дулаттан Ботбай, Шымыр, Сиқым, Жаныс тараған.

## 2. ОРТА ЖҰЗ

Орта жұз –қазақ халқының этникалық құрамына енген рулар мен тайпалардың саяси-экономикалық және мәдени бірлестігі. Шежіре бойынша Орта жұз құрамы алты рудан тұрады: Арғын, Найман, Керей, Уақ, Қонырат, Қыпшак. Орта жұз қазақтарының тарихы мен рулық-тайпалалық құрамының толық сипаттамасы толымды түрде Ш. Ұәлиханов, М. Тынышпаев, Ш. Құдайбердіхлы, М. Ж. Қөпейхлы, Қ. Халиди, А. И. Левшин, П. И. Рычков т. б. Ғалымдар еңбектерінде баяндалады. Бұл тайпалар өз ішінде руларға белінеді. Арғын руы өз ішінде екі үлкен атадан тұрады: Бес мейрам (Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Қаражесек) және Жеті момын (Атығай, Қарауыл, Қанжығапы, Тобықты, Бәсентин, Шақшақ, Сарыжетім); Қыпшак: Қарақыпшак, Құланқыпшак, Сарықыпшак, Қытайқыпшак; Найман: Терістанбалы, Сарыжомарт (Ергенекті), Төлегетай, Сүтірші; Қонырат: Жаманбай, Аманбай, Жетімдер, Божбан, Санғыл, Байлар, Жандар, Құлыншак; Керей: Ашамайлы және Абақ; Уақ: Жантепі және Жангепді деген үлкен атапарға белінеді. Кейір шәжірәшілер алты тайпага қосынша жетінші етіп Тақтағыны қосады.

1917 жылға дейін Орта жұз рулары қыста Сырдария, Қызылқұм, Қаратай, Мойынқұм өнірлерінде, Балқаш көлінің солтүстігінде, жазда Тобыл, Есіл, Нұра, Торғай, Ертіс, Сарысу өзендері салаларының алқабында, Орталық Қазақстанның кең-байтақ далаларында қөшіл-қонып жүрген. Ауызша деректер бойынша кезінде Ұлы жұз бен Орта жүздің табиғи шекараларының бірі болып Шу өзені белгілінген. Орта жұз солтүстікте Ресей иеліктеріндегі жерлермен шектесті. Ортағасырлық деректемелерде Орта жұз құрамына кірген тайпалар туралы біршама мәліметтер бар (Рашид ал-Дін, Әбілғазы т. б.).

1734 жылы 10 маусымда Сәмеке хан бастаған Орта жұз руларының бір белгілі Ресейдің қол астына өз еркімен өтті. 1740 жылы тамызда Әбілмәмбет хан, 1742 жылы қарашада Найман тайпасын билеуші Барак сұлтан Ресей бодандығын қабылдады. 1754 жылы қазанда қоныраттардың біраз белгілі бодандыққа кіргенімен, олардың Ресей қол астына өтуі XIX-ғасырдың орта тұсына дейін созылды. Қазақтарды іштей ыдыратуды көзделген Ресей өкіметі 1815 жылы Орта жүзде екінші хандық құрып, оған Бәкей

хан болды. 1817 жылы Бекей хан, 1819 жылы Уәли хан өлген соң, 1822 жылы орыс патшасының жарлығымен Орта жүзде хандық билік жойылып, сегіз сыртқы дуанға белгінді. «Сібір қазактары туралы ереже» бойынша әр рудан 15-20 бولыстан, әр болыс 10-12 ауылдан, әр ауыл 50-70 тұтіннен құралды. Ереже бойынша белгіленген сегіз сыртқы дуанның (Қарқаралы, Құсмұрын (1824), Аягез (1831), Ақмола, Аманқарағай (1832), Баянауыл, Үшбұлақ (1833), Қекпекті (1844) ашылуы жергілікті халықтың наразылышын туғызды. Қазіргі таңда тайпалық одақтардың алғашқы кездегі мәні жойылған. Орта жүз екілдері тек біртұтас қазақ ұлты ретінде ғана танымал.

## АРҒЫН

Арғын – қазақ халқын құраған тайпалардың бірі. Шежіре бойынша Орта жүз құрамына енеді. М. Тынышпаевтың айтуынша, ХХ-ғасырдың басында 6 миллионға жуықтаған қазактар ішіндегі сан жағынан ең көбі де (890 мың адам) арғындар болған.

Түрік қағанаты кезінде Алтай таулары мен Аргун өзенінің арасында көпрулы басмыл тайпасының, кейіннен Тарбағатай, Алакөл, Іле маңын, соңғы ғасырларда Сарыарқа тескейін мекендейген қалың арғынның ататегі осы сопылардан тарапалуы да мүмін. Қазақ шежіресінде арғындар бәйішіше арғын (Куандық, Сүйіндік, Бөгендік, Шегіндік, Қарәкесек), Тоқал арғын (Қанжығалы, Тобықты, Бәсентин, Қарауыл, Атығай, Сарыжетім, Шақшақ) болып екіге бөлінеді. Арғын тайласының ұраны –«Ақжол», таңбасы –көзтаңба.

## НАЙМАН

Наймандар – қазақ халқын құраған ежелгі түркі тайпаларының бірі. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, «Найман» атауы моңғолша «сегіз» деген сөзді білдіреді. Зерттеушілер бұл тайпа Х-ғасырдан бастап «Найман» деп атала бастаса да, XIII-ғасырға дейін бұрынғы «сегіз» аты қосарлана айтылып келгенін алға тартады. Найман мемлекеті құлап, халқы Шыңғыс хан империясына бағынған соң, олардың біраз белгілі байырғы қоныстарына жақын Ертіс, Алтай

алқабында орнығып, Үгедей ханның ұлысына қарады. 1917 жылы Ресей үкіметі жүргізген санақ бойынша Ресей және Қытай империяларының құрамында 830 мынданай найман өмір сурген. Наймандардың ортақ таңбасы – бақан, ұраны – «Қаптағай». (Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, «Аруна» баспасы, 2010)

## **ҚЫПШАҚ**


Қыпшақ-қазақ халқының, басқа да бірқатар түркі халықтарының негізін құраған ежелгі тайпа, ортағасырларда Орталық Азия мен Шығыс Еуропаны мекендеген аса ірі ұлыстардың бірі.

Қарақыпшақтан тараған Қобыланды батыс XV-ғасырда көшпелі өзбек мемлекетін билеген Әбілқайыр ханның замандасы ретінде сипатталады. Қыпшақтар қазақтан басқа да түркі халықтарының (қырғыз, өзбек, қарақалпақ, татар, башқұрт, ногай, қарашай, әзіrbайжан, түркмен, балқар т. б.) ұлт болып қалыптасу барысында елеулі рөл атқарды. Қазақ халқының құрамына енген қыпшақтар негізінен Сыр бойын, Арқа өнірін, Солтүстік Батыс Қазақстан, Ақмола, Қостанай, Торғай аумағын мекендейді. Қыпшақтардың ұраны – «Ойбас», таңбасы – екі тік сыйзық (II).

## **КОҢЫРАТ**

Қоңырат –Орта жуз құрамындағы тайпа. Қоңырат тайласы Көтенші, Қектіңұлы деген екі үлкен бірлестіктен тұрады. Көтеншіден-Жаманбай, Аманбай, Жетімдер, Божбан, Санғыл тараса, Қектіңұлынан – Байлар, Жандар, Аққой, Оразкелді, Тоқболат, Қаракесе, Құлшығаш ұрпақтары өрбиді. Шыңғыс ханның шешесі және мұрагерлері тараған үлкен әйелі Әрте де-қоңыраут қызы. М. Тынышпаевтың еңбектеріне қарағанда, қоңыраттардың Қазан төңкерісіне дейінгі жалпы саны 310 мың адам болған. Түркі халықтарының тарихында қоңыраттардың үлкен қызмет атқарғаның Қоңырат тайласынан шыққан Алпамыс батыр туралы эпостың түрлі нұсқаларының болуы дәлелдейді. Таңбасы –П- босаға таңба, ұраны –«Алатая, Мұкәмәл» болып келеді.

(Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, «Аруна» баспасы, 2010)



## **КЕРЕЙ**

Керей, керейт-қазақ халқын құраған ежелгі түркі тайпаларының бірі. Рашид ад-Дин монгол жазбаларының желісіне сүйене отырып, керейлер саны (XI – XII ғасырлар) 200 мың шамасында болған дейді. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысып, киіз Үйде әмір сұрді. Керейден әр кезеңде атақты қолбасылар мен батырлар, ағаш шеберлері шыққан. «Керейден ұл туса – ағашқа құн туады» деген өртеден келе жатқан нақыл сез осының аңғартады. XIII-ғасырдың басында Меркіттермен бірге Жем, Торғай өзендері бойына жетіп, сонда қалған Керейлер қазірге дейін өзінің ежелгі «Керейт» атауын сақтап, Жетіру бірлестігі құрамына қосылған.

## **УАҚ**

Уақ – Орта жуз құрамына кіретін тайпа. Шежіре бойынша Шоға, Сарман, Байназар, Сарыбағыш, Сіргелі, Еренші, Әлімбет, Бидалы, Жансары, Баржақсы, Шәйкөз руларына бәлінеді. Мұның соңғы тәртеуін Ергенекті Уақ деп те атайды. Шежіре деректерінде Уақ аталарының бірі ретінде әйгілі Еркекше батыр мен оның ұлы Ер Қосай батырдың есімдері аталған.

1820 жылғы дерек бойынша Орта жуздеі Уақтар 6000 тұтін шамасында болған. XX-ғасырдың басында бұлардың жалпы саны 2300 тұтін шамасындай болды. Негізгі шаруашылығы төрт түлік мал өсіруге негізделгенімен, XIX-ғасырдың ортасынан бастап Уақтар отырықшылыққа көше бастады. Ұраны – «Жаубасар, Бармақ», таңбасы – П < (босаға, ашамай).

(Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 8-том. Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 2006)

## **ТАРАҚТЫ**

Орта жұз Арғын ішінде Тарақты деген ел бар, оның нәсілі кім екенін ешкім анықтап білмейді.

Қазақ ішінде Тарақты Арғынның ноқта ағасы деген бір сөз бар, соған қарағанда тарақ таңбалы болып Арғыннан белінген бір тап болса керек, тарақты он екі ру: бәйбішеден төртеуі: Әлі, Сары, Қыдыр, Жаши және бір қатынынан: Алеуке, Қөгедей, Апай, Тоқтағұл, ең кіші қатынынан: Бөгеші, Бұлдырық, Айти, Қосанақ.



## **ОРТА ЖҰЗ ЖАЙЛЫ ШЕЖІРЕЛІК ДЕРЕКТЕР**

**АЛПЫС АЛТЫ АТАЛЫ ҚОҢЫРАТ.** Қоңырат тайпасының қомақты бір белгі өзбек халқының құрамында екені белгілі. Өзбектердің арасына кең тараған шежірелік дерек бойынша қоңырат тайпасының түп тегі Қоңырат ата (Қоңыр-би) еді дейді. Қоңырат ата бәйбішесінен төрт перзент көріп, олардың есіп-өнген ұрпақтары сол балаларының атымен Үақтаңбалы, Қостаңбалы, Айылды (Айынлы), Қанжығалы деп аталатын бір-бір атага ұласқан. Қоңырат ата картайған шағында тоқалынан бір ұл көріп, оны «картайғанда Тәнірдің бергендегі тартуы ғой» деп отырады екен. Сол себепті есіп-өнген ұрпақ «Тартулы» (Тартпалы) аталағы кетеді. Бұлардың бәрін жинақтап, «Алпыс алты аталы Қоңырат» деген атайды.

**АЛТАЙ** Шежіре бойынша Орта жұз арғын ішіндегі жуан аталаудың бірі-Қуандық. Заманында қырықтан астам болыс құраған іргелі ру. Сол Қуандықтың бәйбішесінен-Қарлық, Темір (Берші), Өмір (Темеш), Есен, Қарт-бес ұл туған. Тоқалынан Алтай жалғыз туған. Әлгі «Арғын болсан, –алтай бол» дегізіп жүрген Алтай –осы. Алтай ержеткенде бәйбіше балалары аексі Қуандықтан қалған: еншіні үлкен ағалары тен бөлмегендіктен, әкпелеп Ереймендегі қанжығалы Ішпек байға келіп жылқышы болады. Бір жылы ақсүйек жұт болғанда Ішпек байдың жылқысын сақтау үшін Алтай Тарбағатай тауларына қарай қыстауға кетеді. Келер жылы Алтай байдың малын екі есе есіріп әкелілті. Бұған риза болған Ішпек бай Алтайды Аққоян атты қызымен үйлендірілті. Олардан Әліке, Байдалы, Сайдалы атты үш ұл туған соң, Аққоян қайтыс болады. Ішпек бай: «Алтайдан кіндігімді үзбеймін», -деп оған Тоққоян деген екінші қызын қосады. Тоққояннан-Мойын, Кенжеқара туады. Құні бүтінге дейін Алтай руының ішіндегі ел-жүрттың «Аққоянбыз» немесе «Тоққоянбыз» деп отыратыны сол қай шешелерінің ұрпағы екенін айырып мәңゼгендіктен.

**ТӨЛЕГЕТАЙДЫҢ ТӨРТ НЕМЕРЕСІНІҢ TYCI.** Ел ішіне кең тараған шежіре дерегінде Найманның шебересі Төлегетайдан-Қытай, одан Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуыл есімді төрт ұл туған. Қытай, жаугершілікте мерт болып, артында қалған төрт ұлы Төлегетайдың бауырында еседі. Содан олар «Төрт



## Төлегетай» атанған.

Төлегетайдың терт немересі ержетіп, он-солын таныған кездердің бірінде тертеуі бірдей түс көріп, көрген түстерін атасына келіп жорытса керек.

Алдымен үлкен немересі Қаракерей: «Мен түсімде шет-шегі жок қалың орманға кіріп кетіп, содан жол таппай адасып жүр екенмін», - дейді. Сонда атасы: «Ә, бәрекелді, балам! Түсің қандай жақсы еді. Үрпағың қара ормандай көп болады екен!» - деп риза болыпты.

Төлегетайдың бұл жоруы айнымай келген. Қазір Төлегетай әулетінің жарымына жуығын Қаракерей ұрпақтары құрайды.

Мұнан әрі Матай: «Мен түсімде алтын ер-тұрманды сәйгүлік ат мініп, көш бастап келе жатыр екенмін», - деп көрген түсін айтып беріпті. «Сенің де түсің жақсы екен, -дейді атасы риза болып. – Түсікде тұлпар мініп, көш бастасан, үрпағың сән-салтанатты болып, даңққа бөленеді екен!»

Төлегетайдың бұл айтқаңы да шындыққа айналып, Матайдың үлкен ұлы Қаптағай батыр ісі найманның ұранына шықты.

Түс айту кезегі Садырға кепгенде: «Мен түсімде ақбоз атқа мініп, қару-жарақ асынып, жорыққа аттанып бәрә жатыр екенмін», -депті «Үрпағың есесін ешкімге жібермейтін батыр болады екен. Тек жаугершілікке, Үркіншілік-көшкіншілікке ұшырап, шығын көп болмаса неғылсын», - деген екен Төлегетай. Бұл жору да теріс кеткен жоқ. Садыр ұрпақтары жоңғар шабуылғының үнемі өтінде тұрды. Үркіншілік-көшкіншілікке көп ұшырады. Шығын аз болған жоқ.

Ең соңында Тәртуыл түсін айтады: «Мен түсімде жылқы бағып жүр екенмін. Әристегі қысырақтың үйірін бію-біріне қоса алмай, қиналып оянып кеттім», -деді. Сонда Төлегетай: «Қап, әттеген-ай! Мал-бастан кенде болмассың. Бірақ ұрпақтарында тұрақты қоныс болмай, әр жаққа бытырап кететін болдыңдар-ау!» - деп өкініш білдірген екен. Төлегетайдың бұл жорамалы да айна-қатесіз дәл келген.

Әрідегі жоңғар шалқыншылығы кезінде тәртуылдар қан майданның бел ортасында болды. Одан беріде тәртуылдар қақ жарылып, Ресей мен Қытайға қарап, негізінен, Зайсан, Шәуешек маңына шоғырланды. Шәуешектегі қазақ-дүнген көтерілісін басуға шықкан Маңшынның жазалаушы әскері 1864 жылы Қатынсудың бойында тәртуылдың үш мың шаңырағын қанға бектіріп, қынадай қырып кетті. Ал 1962 жылы Қытай-Ресей шекарасының шебін бұзып

өтіп, атажұрты Қазақстанға лап қойған қазақтар, негізінен, осы тәртүлдар болатын.

**КЕРЕЙ АТАСЫ – ҚАРАБИ.** Ел аузындағы шежіре сөздің бірінде Дана деген биден Керей туып еді дейді. Керей ел көзіне ертерек түскен, ақылына дәулеті сай адам болыпты. Алайда Керей жігіт шағында қайтыс болып, жаңа қаз басқан баласы жетім қалады. Керейдің жетім баласын ашамайға мінгізіп жүргенде көз көргендер «Керей мырзаның ашамайлы баласы фой» дейді екен. Содан ол бала ел ішінде «Ашамайлы Керей» атанып кетеді.

Ашамайлы Керей үш әйел алып, олардан он жеті бала көріпті. Солардың ішінде кіші әйелінен Қараби жалғыз туыпты.

Қарабиден Абақ туыпты. Абақтан он екі ата абақ керейлер әрбиді. Ел аузындағы «Керей атасы –Қараби» деген сөздің айтылу себебі осыдан еді дейді.

(Ақселеу СЕЙДІМБЕК. Қазақтың ауызша тарихы (шежірелік деректерді пайымдау, Астана, «Фолиант» баспасы, 2008)

### **3. КІШІ ЖҰЗ**

Кіші жұз-Қазақстанның батыс аймағын мекендереген рулар мен тайпалар одағы, Шежіре бойынша Кіші жұздің рулық бірлестіктері Әлімұлы, Байұлы, Жетіру тайпаларынан тарайды. Ногай ордасынан бөлінген қазақ тайпаларының, яғни Алшын одағының негізінде Кіші жұз бірлестігі қалыптасты. Соған байланысты Кіші жұз қазақтары ел арасында «Кіші жұз – Алшын» атанған. Оның құрамына -12 ата байұлы (Адай, Алшын, Жаппас, Алаша, Байбақты, Беріш, Масқар, Таз, Есентемір, Ысық, Қызылқұрт, Шеркеш), Жетіру (Табын, Тама, Кердере, Керейт, Жагалбайлы, Телеу, Рамадан), алты ата Әлімұлы (Қарәкесек, Қарасақал, Төртқара, Кете, Шемекей, Шекті) тайпалары енеді. Жалпы XV-XVII-ғасырларда Кіші жұз құрамына енген ру-тайпалық топтар Әхрындық, Қасым, Хақназар, Тәуекел, Есім және Тәуке хандардың иеліктерінде болды. Кейінірек Тәуке хан Әйтеке би арқылы Кіші жұзге билігін жүргізген. Тәуке хан тұсында Кіші жұзға Әбілқайыр хан сайданды (1710). Ықлапды хан деп саналғанымен, Әбілқайырдың билігі Кіші жұзға түгелдей жүрмеді. Мұнда оған қарсы Қайыптың (Хиуа ханы) баласы Батыр сұлтан, Әбілқайырдың баласы Нұралы сұлтан ез алдына ел биледі. 1731 жылы 19 ақпанды патшайым Анна Иоановна Кіші жұздің Ресейдің қол астына ерікті түрде қабылданғаны туралы грамотаға қол қойды. (Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, «Аруна», 2010)

### **ӘЛІМҰЛЫ**

Әлімұлы-қазақ халқын құраған тайпалардың бірі. Шежіре бойынша Кіші жұз құрамына енеді. Қарәкесек деп те аталады. Таңбасы-Алшын таңбасының қосарласқан түрі. Әлімұлының алты тармағы болғанына орай ел ішінде «Алты әлім» деп те атайды. Белгілі ақын Келдейбекұлы Ерімбет (1850-1911) шежіресінде Әлімұлына Жаманақ (Шекті), Қарамашақ (Төртқара), Айнық (Қарасақал), Ұланық (Қарәкесек, Тегінболат (Қарасақал), Тойқожаны (Ақ кете) жатқызады Әлімұлының тармағы алтау болғанымен, енші алып, ұранға шыққаны-тертеу. Олар-Жаманақ, Ұланық, Қарамашақ, Айнақ. Әлімұлы тайпасынан Жалаңтес баһадүр мен Әйтеке биден



бастап алты алашқа белгілі Есет, Көтібар, Құлбарақ, Жанғожа, Ақтан, Алтай, Арап батырлар, қарасақал Ерімбет ақын, Нұртуған жырау, Жетес шешен, Әжібай, Соқпак, Мырзагұл т.б. билер шыққан.

БАЙУЛЫ

Байұлы-қазақ халқының құраған тайпалардың бірі. Шежіре бойынша Кіші жүз құрамына енеді. Байұлы этнонимі Түркі қағандығының кезінен бергі жағба деректерде жиі көздеседі. XIII-XIV-ғасырларда байырқу-баегулердің негізгі белгіі Казақстаның батыс аймағын мекендеп, ногайлы тұсында алшын бірлестігінің құрамында болған. Ал Ногай ордасы ыдыраған кезде алшын, алты-ауыз, жембойылық ногайлының басты жұртының бірі тамалармен бірге қазақ хандығының құрамына енген. Байұлы жайлы деректер XVIII-ғасырдың бірінші жартысынан бастап орыс әкімшілігінің құжаттарында жиі ұшыраса бастады. Оны 12 ата байұлы (қайсысыртізімдерде 13 ата) деп көрсетеді. Байұлы құрамына Шеркеш, Ысық, Есентемір, Байбакты, Беріш, Адай, Алтын-жаплас, Тана, Алаша, Масқар, Таз, Қызылқұрт рулары енеді.

ЖЕТИРУ

Жетіру- қазақ халқын құраған тайпалар бірлестігінің бірі. Шекіре бойынша Кіші жыз құрамына енеді. Тарихшылар жетірудың аргы тегін ежелгі түркі тайпалары (Телеу, Рамадан, Тама, Табын, Кердері, Керейт, Жагалбайлы) бірлестігімен байланыстырады. Ежелгі қытай жазбаларында 5 ғасырдан бастап қазіргі монгол жерін мекендейген түркітлес көшпелі жаһрттар Төле (Төлес) елі деп айтылады. Ғылыми деректер X-ғасырда Арап тәнізінің Кердері теңізі аталағанын, Әмударияның екі бетінде сол аттас бір-екі кала болғанын да алғаш тартады. Ал Керейт тайпасының тарихы кәне жазба ескерткіштерде VII-ғасырдан белгілі. Жетіру құрамындағы Тамага ұқсас атауды Рашид ел-Дин жылнамасынан кездестіреміз. Тамалар башқұрттардың, ногайлардың, қырғыздардың құрамында жеке ру турынде кездеседі. Зерттеушілер Табын тайпасы Батыс Қазақстан әнірін Еату жорығына дейін де жайлаған сыңайлы дегенді айтады.


Қазақ шежірешілері кіші жүздің «ноқта ағасы» деп бір таңбасы тарақ бол келетін Таманы айтады. Ал Тарақ таңбалы жеке руы бар Табын сол таманың інісі ретінде сипатталады. (Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, «Аруана», 2010)

## **КІШІ ЖҰЗ ЖАЙЛЫ ШЕЖІРЕЛІК ДЕРЕКТЕР**

**АДАЙ.** Қазақтың қария сөздерінің біріндегі Кіші жұз Алшыңнан Нәдірқожа, Қыдырқожа, Сәдірқожа туғаны айтылады. Осылардың Қыдырқожасының бәйбішесінен үш ұлы, тоқалынан үш ұлы болыпты. Осы екі әйелдің үстіне Қыдырқожа өзінің ауылындағы қайтыс болған Аманқожа дегендегін жесіріне үйленіп, ол әйелінек Таэ туады. Қыдырқожа өзінің Қанбибі деген қызын Атақожа деген бақтасының Елтай деген баласына ұзатады. Елтай, Ештай-ағайынды екі жігіт елге қорған болғандай қайратты ерлер болса көрек. Жаугершіліктегі екеуді де мерт болыпты. Бұл кезде Қанбибі екіқабат еді дейді. Айы-куні жеткен соң Қанбибі толғатып, ер бала табады. Оған Еспанбет би Адай деп ат қояды. Қанбибі белін бекітіп, шираған соң күйеүі Елтайдың жаудан қаза болғанын естірткенде, Қанбибінің жүргегі жарылып өліп кетіпті. Содан қызылшақа кезінде тұлдырып жетім қалған Адайды Таздың шешесі бауырына салып емізеді. Бір ананы тел емгендіктен, байхұлының басқаларына қарағанда Адай мен Таздың бір-біріне жақын болатыны содан. Байхұлының ішінде Адайды қыздан туған жиен деп келетін әңгіменің бір парасы осылай.

**ЖАППАС.** Кіші жұз Байхұлы тайпасының құрамындағы он екі атаның бірі-Жаппас. Жапастың шешесі Тобан бибі тоқал болып босаға аттаса көрек. Келін болып түскен үйінің бәйбішесі адудынды адам екен дейді. Тобан бибі Жапасты табарда ауыл-өл көшіп жатыпты. Адуын бәйбіше жаппа тігіп беріпті де, Тобан бибіні жұртқа тастап кетіпті. Содан жаппаның астында туған сол баланың атын Жаппас қойып еді дейді.

**ШЕКТІ.** Әлім, оның баласы Жаманак мал біткен адамдар болыпты. Үйір-үйір жылқыны бір-бірлеп ұстап, оларға жеке-жеке таңба басуды қынсынып, етіп бара жатқан таңбасыз



жылқының санына қайнап тұрған май шашады екен. Ұістық май жылқының терісін қүйдіріп, түгін сыйдырып, қан ағады. Кейін жылқының май қүйдірген жерінде ішектей шұбатылған тыртық пайда болады. Жаманақтың Шекті аталуы осыдан дейді.

**БЕРИШ.** Жанарыстан-Алшын, одан-Алау батыр, одан-Қыдырқожа, Қадырқожа, Асанқожа, Алқожа. Осылардың Алқожасынан-Беріш. Қария сездің айтуынша, бірде Алқожа әuletіне жау шауып, сол соғыста Алқожа өліп, екі қабат әйелі жауға олжа болып кетеді. Сол есебін тауып, жаудан қашып шығып, қайнағасы Қадырқожага келіп паналайды. Келген соң ай-күні толып босанып, ұл бала табады. Осы баланы Қадырқожа «менің бауырымның іште қалған беріші ғой» деп жүріп, сол баланың аты Беріш болып кетеді.

**КЕТЕ.** Кіші жүзде Қадырқожадан туған Қаракесек ержеткенде әкесі өзімен бақтас бір байдың Ханбибі деген қызына құда түседі. Бірақ Қаракесек үрын бармай тұрғанда, Ханбибі оң жақта отырып, басқа біреуден екіқабат болып қалады. Оған қарамай, құдалардың сыйластырымықты болғандықтан, Ханбибіні Қаракесекке алып береді. Ханбибі келін болып түскен соң көп ұзамай бір ұл тауып, атын Байсары деп қояды. Байсары үшке толтғанда Ханбибі қайтыс болады. Жылын берген соң Ханбибінің әкесі марқұм қызыымды ұттры күндерінде жерге қаратпап еді, құдамнан кіндік үзбеймін деп, кіші қызы Қағаз сұлуды Қаракесекке қалыңсыз ұзатыпты. Қағаз сұлудан Әлім мен Шемен туады. Ержеткенде Байсарыға жетіру ішіндегі Кердеріден Кетебике деген сұлуды құда түсіп, алып береді. Олардан Бозанша мен Майлыбай туады. Олар ержеткенде бір жаугершіліктे Байсары мен Майлыбай мерт болады. Жалғыз қалған Бозанша үйленіп, Адамқожа деген ұл сүйеді.

Бозаншадан әрбірек ұрпақты Байсары Кете деп атап кетеді. Енді Байсары өлген соң, жесір қалған Кетебике екіқабат екен. Ұл бала туған соң оны тегіннен келмеген деп, атын Тегінболат қойған екен. Кетебике әменгерлік жолмен Әлімге тиеді. Олардан туған ұлды Тойқожа атап, Тойқожадан тараған ұрпақты Ақ кете деп атаган. Жазмышқа дауа жоқ, бір күні Әлімде қайтыс болып, тағы да әменгерлік жолменен Кетебике Шеменге күйеуге шығады. Олардан туған баланы Түменқожа атайды, Түменқожадан тараған ұрпақты

Қара Кете, Шөмекей кете деп атайдын болған. Шежіре сөзінде Сойырғас Кете туралы да айтылады. Оны былай таратады: Байсарыдан-Адамқожа, одан-Сары, одан-Асан, одан- Қарпық, одан- Құдайнаазар, одан-Сойырғас. Сойырғастан өсіп-өнген ұрпақ Сойырғас Кете деп аталады.

**ЕСЕНТЕМІР.** Қазақтың қария сөзінде Алшының Сыр бойын қоныстанып қалған Байқожа деген немересі бүкіл ауылымен жаугершілкке ұшырайды. Сол жаугершілікті Байқожа Ата, Қалпақ, Естай деген балаларымен бірге жау қолынан қаза табады. Осылардың ішінде Атаның Темір деген баласы ғана тірі қалады. Темір бүкіл әүлеттегі жетім-жесір қалғандарды ертіп, атасы Қыдырқожаның (Байхұлы) қолына көшіп келеді. Малы көп болған соң бай атанған Қыдырқожа Темірге жылқысын бақтырады.

Бір жылды қыс қатты болып, Темір қалың жылқымен бірге ығып кетеді. Боран басылған соң Қыдырқожаның жігіттері мал амандауға шығады. Алайда Темірді де, қалың жылқыны да таба алмайды. Аяқ жетер жерге сұрау салады, табылмаған соң жұрт құдер үзе бастайды. Содан қар кетір, жер көгеріп, ауыл-ел желлініп жайлауға шықкан күндердің бірінде көк жиектен мұнартып шаң көтеріледі. Әлден уақытта жер қайысқан қалың жылқы ауылға беттеп келеді, қалың жылқыны бастап алпамсадай Темір ат үстінде келе жатса керек. Сонда көнілі өскен Қыдырқожа «Темірім есен ғой!» деп дауыстап жіберіпті. Темірдің Есентемір атану осыдан дейді. (Ақсөлеу СЕЙДІМБЕК. Қазақтың ауызша тарихы. Астана, «Фолинант», 2008)

## **ШЫҢҒЫС ХАННЫң ҚЫСҚАША ШЕЖІРЕСІ**

Шыңғысхан (өз аты Тәмүжин, 1155-1227), Әкесі Эсугей Қият руынан шыққан, батыр адам саналады. Шешесі – Оәлүн ужин. Шыңғысханның әйелі – Қоңырат тайпасының адамы Дәй шешеннің қызы Бөрте сұлу. Осы Бөртеден Шыңғысхан 5 қызы, 4 ұл көрген. Шыңғысханның өзі бір шешеден төрт ағайынды, олар – Тәмүжин, Хасар, Хачиун, Тәмүгә, қарындасы Тәмұлун. Кіші шешесінен екі бала болған, олар – Бәттәр, Бәлгүтәй.

Шыңғысханның балалары: ЖОШЫ, ШАҒАТАЙ, ҮГЕДЕЙ, ТӨЛЕ.

Жошыхан 1187 жылы туған, 1227 жылы өлген. Жошының 7 баласы болған. Олар – Орда, Бату, Бөрте, Тоқай, Шибан, Жампай, Берікжар.

Жошыхан – Дешті Қыпшақтағы феодалдық мемлекет – Жошы ұхсының негізін салушы. 1207 жыл мен 1227 жылдың аралығында хандық құрған. Одан кейін Бату (1227 – 1256), одан кейін Бөрте (1256 – 1266), одан кейін Мәңке (1266 – 1280), одан кейін Тудамәңке (1280 – 1287), одан кейін Төлебұқа (1287 – 1291), одан кейін Тоқты (1291 – 1312), одан кейін Өзбекхан (1312 – 1342), одан кейін әз-Жәнібек (1342 – 1357) жылдардың аралығында хандық құрған.

Шагатайдың туған жылы белгілісіз, 1242 жылы өлген. Оның жеті баласы болған. Олар – Мұтүген, Мужы, Белдеш, Сабынбулке, Сарман, Байдур, Стіменке, Шагатай 1228 жыл мен 1242 жылдың аралығында Оңтүстік Алтай мен Әмударияға дейінгі аралықта хандық құрған. Одан кейін немересі Әлеке (1242 – 1246), одан кейін Есу-Мәңке (1246 – 1251), одан кейін Мәңке (1251-белгісіз) аралығында хандық құрған.

Үгедей 1186 жылы туған, 1241 жылы өлген, 1229 жыл мен 1241 жылдың аралығында Ішкі монголияда хан болған. Оның бес баласы болған. Олар – Қуйік, Құтан, Қожа, Қарашор, Қашун. Үгедей өлгеннен соң оның баласы Қуйік (1246 – 1248), Төленің баласы Мәңке (1251 – 1259), Мәңкенің бауыры Арық-Бұқа (1260 – 1264), одан кейін Құбылай (1260 – 1294), одан кейін. Юань (1269 – 1271) жыл аралығында Маңғұлияда хандық құрған.

Төле – бұл Шыңғысханның төртінші, кенже баласы. Туған жылы мен өлген жылы белгілісіз. Төленің төрт баласы болған. Үлкені Мыңғо

хакан, Хиллаху, Құбылай, Арық-Бұқа.

Мыңғо хакан (Мөңке) 1251 – 1259 жылдар аралығында Қарақорымда (Ішкі Манғұлияда) хан болған, Құбылай (1260 – 1294) Қытайды билеген, Хиллаху (Әлике) Иран мен Египетті билеген.

Шыңғысханның төрт баласының да әйелдері Арғын руларының қыздары болған. Олар әйелдерінің тілін алған, айтқанын істеген. Шыңғысхан тірі күнінде жауап алған елдерін төрт баласына бөліп беріп, бәрінің үстінен Үкітайды хахан (битеуші) қойған. Сол кезде қазақ, қырғыз, сарт, ногай, татар тайпалары Жошыхан мен Шағатайдың қол астында болған.

Жошының төртінші баласы Тоқай. Біздің қазақты осы билеген.

Тоқай одан Әз Темір, одан Қожа, одан Бадағұл, одан Арысхан, әдән Темір Мәлік, одан Темір Құтты, одан Темірхан (лақап аты – Мұхамед хан) біздің қазақ оны Ормамбет хан дейді. Осының нақілі Барақ хан. Барақ ханның әкесі Құйыршық хан екені рас. Барақ ханнан Әбу Сагит (лақап аты, Әз-Жәнібек). Осы Әз-Жәнібек қазақты ертіп алғып, Қашқариядағы Шағатай нақілін қаратқан. Осы кезден бастап қазақтың басын құрган Әз-Жәнібек хан айтылады. Әз-Жәнібектің 9 баласы болған. Соның бірі Қасымхан. «Қасымханың қасқа жолы» деген бітім жолын шығарған хан осы.

Қасымханнан – Сығай, одан Оңдан, одан Қайнар – Кішік, одан Беке, одан Ҳұдайменде, одан Тұрсын, одан Кіші Барак, одан Сығай, Бекей. Бекейден – Батыр, одан Мырзатай, одан Нұрмұхамет, одан Әлихан. (Атақты Әлихан Бекейханов осы кісі).

Сығайдан Тәуекел хан, одан Есімхан (Еңсегей бойлы Ер Есім). Ташкенді билеген Қаңлы Тұрсынхан мен Қатағанды өлтіріп, елін жаулаг, Тұрсын ханның 3 қызын қолға түсіретін осы Есімхан. Есімханың батыры Әлі, Тұрсынханның 3 қызын еліне апарып үлкені Қоңырбикені өзінің інісі Сарыға қосады. Осы Қоңырбикеден Тобықты Мәмбетсолы мен Кішік туады. Кішік – Тобықты Абайдың жетінші атасы. Кішіктен Әнет, туады. Ақтабан шұбырычдыда көшке ілесе алмай, Қаратая өнірінде жұртта қалып, аштан өлеңтін Әнет баба осы.

Есімханнан Жәнгірхан, одан Уалибақы, одан Қанішер Абылай, одан Қөркем Үәли, одан Абылай хан (Әбілмәңсұр) туады.

Абылайдан – Тоқ, Қосым, Арық, Әділ, Рұстем, Тоғым, Соқ,

Әбділда, Шама, Уәли, Шыңғыс, Қасым.

Уәлиден – Шыңғыс, одан Шоқан, Жақып, Мақы, Мақмет, Ахмет, Қозке, Қоқыш.

Қасымнан – Есенкелді, Саржан, Кенесары, Наурызбай,

Шыңғыс ханның некелі әйелдері мен олжа әйелдерінің ұзын саны бес жүздей болған. Олардың әрқайсысын әр рудан алып отырган. Біразын маңғұл дәстүрі бойынша құда түсіп, алса, көпшілігін жаулап алған мемлекеттері мен тайпалардан қолға түскен тұтқындардан алған.

Шыңғысханның бірінші әйелі туралы жоғарыда айттық, енді басқа әйелдері жөнінде.

Оның екінші әйелі – Ухар меркіт тайласының кесемі Тайыр-Усунның қызы Құлан-қатын. Осы Құлан-қатыннан Шыңғысхан Құлқан атты бір ұл көрген. Мұның мәртебесін Шыңғысхан бәйбішеден туған төрт ұлмен төң ұстаган.

Оның үшінші әйелі – Есуқат, татар тайпасының қызы. Одан Жауыр атты бір ұл көрген. Ол жас кезінде өлген.

Төртінші әйелі – Қытай әміршісі Алтын-ханның қызы, Гунжу қатын. Бұл әйелден Шыңғыс-хан бала көрмеген.

Бесінші әйелі жоғарыда айтылған татар қызы Есуқаттың сіңлісі Есулан.

Бұл жазбалар – Рашид-ад-диннің «Жылнамалар жинағы» кітабынан алынды (1-том, 2-кітап, 69, 70, 71 бет).

# **ҚАЗАҚТЫҢ ҚАҢАРМАН ХАНДАРЫ**

## **КЕРЕЙ ХАН /1456-1473/**

Керей хан Болатұлы /XIVf. соны – XVf./ - қазақтың алғашқы ханы. XV ғасырдың ортасында Алтын Орда мен Ақ Орда билеушісі Орыс ханның немерелері Керей мен Жәнібек сұлтан екеуі Дешті Қылشاқ ханы Әбліхайырдан бөлініп Моголстанға келді. Моголстан ханы Есенбұға оларды ықыласпен қарсы алып, Шу өзені бойындағы Қозыбасы /қазір Жамбыл облысында/ деген жерді берді. Өздері билейтін 200 мыңға жуық халықты бастап келген екі сұлтан осы жерде 1456 жылы қазақ хандығының негізін қалап, жасы үлкөн Керей ақ киізге отырғызылып хан сайланды.

Қазақ тарихының атасы Мұхаммед Хайдар Дулати /1499-1551/ өзінің «Тарихи Рашиди» атты еңбегінде қазақ хандығының құрылудың хижраның 870 жылы деп көрсетеді. Бұл біздің жыл санауымыз бойынша 1465-1466 жылдарға сәйкес келеді. Тарихи дерек бойынша Моголстан ханы Есенбұға 1462 жылы қайтыс болғанын ескерсек, қазақ хандығының 1456 жылдары құрылғаны анық.



1468 жылы негізгі қарсыласы Әбліхайыр хан өлген соң Керей мен Жәнібек өз ұлыстарымен атамекені Сыр бойына оралады. Осында Керей ханның басшылығымен алғашқы Қазақ ордасының іргесі бекіп, оның маңындағы ру, тайпаларға бөлінген халықтар осында өз еркімен қосылып іргелі елге айналды. Хан жанында дала данышпаны Асан Қайғы отырды.

Керей хан 10 жылдай билік құрып, Хантауда жерленген дейді тарихшы М. Елеуов.

Қазақ Ордасы мен кейінгі Қазақ Ұлттық мемлекетінің қалыптасып, оның алғашқы керегесін керіп, шаңырағын көтерген тұңғыш хан Керей есімін біздің халқымыз ешқашан ұмытпайды.

## **ӘЗ-ЖӘНІБЕК ХАН /1473-1480/**

Жәнібек хан Барақұлы – қазақ ордасының екінші ханы, шын аты Әбу Сайт. Қазақ халқы елге айрықша сіңірген еңбегі мен кеменгерлік істерін жоғары бағалап, оны Әз Жәнібек дегендегі құрметтеп атаған. Ол Қазақ ордасының тұнғыш ханы Кереймен бірлесіп Қазақ мемлекетінің іргесін қалаушылардың бірі. Әкесі Барақ XV ғасыр басында Ақ Орда мен Алтын Орданы билеген. Жәнібектің атабабалары ел билеп, мемлекет билеушісі, хандық құрган адамдар болса, езі 1473-1480 жылдары қазақ ханы болды. Ал оның ұрпақтары Қасым, Ақназар, Тәуекел, Жәңгір, т.б. XIX ғасырдың бас кезінде дейін қазақ хандығының тағында отырып өздерінің қайраткерлік, ерлік істерімен айрықша көзге түскен адамдар болды.

Жәнібек хан тұсында Қазақ хандығының беделі Дешті Қыпшақта өссе түсті. Сөйтіп, бұл кез дербес Қазақ хандығының күшейюіне түстас келді. Бұған Жәнібек ханның атқарған тарихи ролі ете зор. Әсіресе 1469-1472 жылдары Әбілхайыр хан ұрпақтарына қарсылықта күресте қазақ жасағын басқарған Жәнібек ханның қатысуы Шайбани әулеті билігін толық жойып, соның арқасында жеке ұлт хандықтары құрыпды. Соның ішінде Қазақ хандығы толық әрі қуатты мемлекетке айналды. Жәнібек хан Сарайшық қаласын мемлекет астанасы етті және сонда жерленген.

Әз Жәнібек туралы қазақ аңыздары мен тарихи әңгімелері күні бүгінге дейін жеткені ханның әділетті әрі парасатты адам болғаны жайлы айттылады. Сол сияқты, дала ойшылы Асан Қайғы, Жиренше шешен осы Әз-Жәнібек ханның замандасы, әрі ақылшы – кенесшілері болған. Атақты емші, дәрігер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы /1397-1492/ «Шипагерлік баяны» атты еңбегін Әз – Жәнібек ханның тапсырмасымен жазған.



## **ҚАСЫМ ХАН /1511-1521/**

Қасым хан /1445—1521/ — Әз Жәнібек ханның баласы, қазақ халкының аса көрнекті қайраткерлерінің бірі. Тарихта “Қасым ханның қасқа жолы” атты әлеуметтік маңызы зор, Дала Заңы негізін жасаған ұлы хан өзінін билік еткен заманында қазақ қоғамы жағдайлары сатыға көтерілді. Халықтың әттикалық құрылымы мен тәрриториясы толық бірін жасалады. Хандық биліктің ролі артты. Мемлекеттің жер келемі де, халық саны да бірнеше есе есептесті. Халықтың үлптық, әлеуметтік, мемлекеттік жағдайына сай жаңаша әдет-ғұрып, билік, әділет заңы жасалды. Қасым өзі хандық құрган 10 жыл ішінде Қазақ мемлекетінің ішкі, сыртқы саясатын нығайтып, сол замандағы ең қуатты елге айналдырыды. Қасым хандығын қөрші елдерді билай қойғанда Европа елі де таныды. Қырым, Астрахан, Қазан хандықтарымен, Мәскеу княздықтарымен дипломатиялық қатынастар орнады.

Қасым хандығы кезінде қөптеген соғыстар да болды. 1516—1517 жылы Шайбанидың соңғы жасағын тас-тапқан етіп женді. Сыр өнірі, Еділ, Жайық, Жетісіу қазақ ордасына қосылды. Қасым хан ақылы мен кеменгерлігінің арқасында өз елі мен жерін соғыссыз-ақ бейбіт жолмен кеңейтіп, толықтырып отырды. Оның атағы мен даңқын, ғажайып ісін таныған көршілес ел оған өз еркімен келіп қосылды. Хан елдің бүтіндігі мен қауілсіздігі мәселелерін де естен шығармаған.

Осындай курделі саясат ұстаған ол Хан Ордасын бірде Жетісуда, Шу бойында, енді бірде Ұлытауда, Жайық жағасында орнатқан.

Қасиетті Қасым хан 1521 жылы қыс айында 78 жасында қайтыс болып, тарихшы Қадырғали Жалайыр дерегі бойынша Сарайшық қаласында жерленген.



\* \* \*

Қасымнан кейін 1521—1538 жылдар арасында Қасым ханның баласы Мамаш 2 жылдай, Әз-Жәнібек ханның немересі Әдік сұлтанның ұлы Тақыр 10 жыл, Тақыр ханның інісі Бұйдаш 6 жыл, Қожа Ахмет хан, Әз-Жәнібек ханның немересі Жәдік ұлы Тоғым хан Қазақ ордасының хан тағына отырды.

## ХАҚНАЗАР ХАН/1538-1581/

Қасқа жолды Қасым ханның асып тұған ұлы Хақназарды қазақ кейде Ақназар деп те атайды. Ол жасында әскер басы ретінде танылған жауынгер болатын. Өз әкесінің ізімен жүріп, оның ұлы ісін мұрат тұтқан хан Қазақ ордасының іргесін одан әрі бекітіп, кемелді мемлекетке айналдырды. Орда шегін Еділге дейін кеңейтті. Шығыстан әлсін-әлсін шабуыл жасап тұратын қалмақтардың бетін қайтарды. Сол кезде қуатты мемлекет Моголстанға қарсы табанды күрес ашып, женіске жетті. Оңтүстікте қазақтың қапысын андып отырған Өзбек, Бұхар хандықтарына қарсы күрес ашып, Түркістан мен Сауранды, Ташкентті қазақ жеріне қосып алды.

XVI ғасырдың орта кезінде Еділдегі орыс басқыншылығы кезінде Қазан хандығы мен ногай ордасы ыдырап жатқан кезде Қазақ хандығы күшіне түсті. Башқұрт, Қырғыз халқы Қазақ ордасының бауырлас қолтығына енді. Хақназардың құдіретті есімі орыс патшасы Иван Грозный да мәлім болды.

Хақназар ханның қазақ ұлысының тәуелсіздігі мен оның ықпалды мемлекет жолындағы мақсат, мүддесі көп еді. Алайда, Қазақ Ордасының одақтасы, Ташкент уалайатының әміршісі Баба сұлтан кезекті жорық үстінде Хақназарды және оның бірнеше батырларын опасызыдышпен өлтірді.

## ТӘҮЕКЕЛ ХАН /1582-1598/

Тәуекел хан — Әз-Жәнібектің немересі. Шығай ханның ұлы, даңқты батыр, қолбасы. “Бүкіл Дешті Қыпшақта даңқы шықсан Тәуекел сұлтанның батырлығы, ер жүректіри және табандылығы жөнінен оған ешкім теңесе алмайды” деп жазды тарихшы Хафиз Таныш.



“Ата көріл, оқ жонған” Тәуекел хан әйгілі жауынгер-әскербасы ғана емес, қабілетті хан әрі терең саясаткер еді. Ол 4-5 жыл ішінде қазақ хандығының күш-қуатын арттырды, қазақ елін, оның жауынгерлік ерлік дәстүрлерін басқа елдерге таныта білді. Қатерлі қазақ жауы әйгілі Абдолла билік еткен Бұқар — Әзбек хандығын 1598 жылы жаулап алғып, мемлекет іргесін оңтүстікке қарай көңейтті. Самарқанды бағындырып өз иелігіне қаратты. Тәуекел хан бастаған осындай ұлы жорық, үлкен жеңіс сол заманның айта қаларлық оқиғасы болды. Орта Азияны тітіреткен Абдолла тізе бүгіп, өлді. Ҳакназарды опасыздықпен өлтірген Баба сұлтанның басын Тәуекел өз қолымен шапты.

Тәуекел хан Мәскеуге /1594 ж./, Иранға дипломатиялық қатынас орнату мақсатымен елшілер жіберді. Сейтіп, Қазақ хандығын, оның қуатты қүшін көптеген мемлекеттер таныды. Көпшілігі оған бойысынды. Сол замандағы көптеген ұрыстарда талантты қолбасы Тәуекел бастаған қазақ жасағы еліне жеңіспен оралып отырды. 1598 жылы 70 мың қолмен Бұқараны бағындыруға аттанып, осы майданда Тәуекел хан ауыр жараланып, жорық үстінде шейіт болды.

## **ЕСІМ ХАН /1598-1628/**

Есім хан - Шығай ханның ұлы, Тәуекел ханның туған інісі. Қазақ халқының тарихында, әдебиетінде «Еңсегей бойлы Ер Есім» деп ардақтаған қолбасы, батыр, ақыл иесі. Ол Отан қорғау және оның бірлігі мен бүтіндігін сақтау жолында істеген ұлы істерімен бірге қазақ еліне «Есім ханның ескі жолы» деп аталатын ұлттық зан жүйесін жасау арқылы халық арасында әдет, әдел, тәртіптік салт-дәстүрлер негізін одан әрі бекіте түсті.



Есім өзінің алдындағы Тәуекел ханның жасап кеткен игілік істері мен жеңіс, қаһармандық ақ жолын жалғастырды. Қазақ Ордасының әскери күш-куатын арттыруға көніл бөлді. 1603 жылы Бұхар хандығы қазақ жеріне соғысқа аттанды. 20 жылға жалғасқан бұл соғыста қазақ қолы женістерге жетіп отырды. Осы соғыстарда қазақтың тағы бір қаһарманы Алшын Жалаңтөс Баҳадұр қол бастап жүрді.

Есім заманында Әз-Жәнібек әулетінен шыққан Тұрсын сұлтан Ташкентте қосымша хандық құрып, бұрын Қазақ Ордасына қосылып оның джшандарына қатты тойтарыс берсе де, ақыры ант бұзып Есім ханға қарсы шықты, өзі жоқта оның елін шапты. Бұрын талай теріс іс-әрекетін кешірген Есім хан бұл жолы оған кешірім жасамады. Ташкентте оның басын алды. Осы сәтте хан жанында болған атақты қазақ ақыны әрі батыры Марқасқа жырау болған. Аты көлке белгілі Жиембет жырау да Есім жанында жүріп, ханның кейбір артық кеткен істерін қатты сынап отырған.

Бірнеше жұз жылға созылған қазақ-қалмақ соғыстары да осы Есім хан тұсында кең жайылып, ол бітіспес қанды жорықтарға ұласты. Ер Есім хан Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи жанына жерленген.

## САЛҚАМ ЖӘҢГІР ХАН /1628-1652/

Еңсегей бойлы ер Есім ханның ұлы, халық ардақтаған «Салқам Жәңгір» атаған қолбасшы, сардар, батыр ханның барлық өмірі ат үстінде өтіп, елін, жерін қорғаумен, басқыншы жауға қарсы танданаrlық ерліктермен ғасырлар бойы халық есінен шықпай келеді.

XVII ғасырда болған қазақ-жоңғар соғыстарында ол тамаша әскери қайраткерлігімен, соғыстың көптеген әдіс-айлаларын қолдану арқылы ірі қолбасшы ретінде айқын танылды. Салқам Жәңгірдің қазақ жерін сыртқы жаулардан қорғауда айрықша еңбек сінірген, ел тәуелсіздігін сақтау және бекіту жолында ұмытылmas ұлы қызметтер атқарғанын тарих ешқашан жоққа шығара алмайды.

Жәңгір заманындағы тарихта алтын әріппен жазылғып қалған ұрыс - 1643 жылғы Жоңғар-қазақ майданы еді. Кейін «Орбұлақ шайқасы» деген атпен қалған осы соғыста Жәңгір хан бастаған 600 қазақ жауынгерлері 50 мындық дұшпан қолын өз жеріне өткізбей қойды. Бұл ерлік біріншіден, қазақ жасағының туған жеріне деген отаншылдық жоғары рухы мен намысы десек, екіншіден, Жәңгір сияқты соғыс өнерін жетік мәнгерген қаһарман қолбасының әскери шеберлігі еді. Осындай қыын сәтте Самарқандан 23 мың қолды бастап Жалаңтөс баҳадүрдің келіп жетуі қазақ сарбаздарының рухын көтеріп жіберді.

Қазақтың ұлы хандарының бірі Жәңгір хан 1652 жылы қан майданда қаза тауып, Түркістанда жерленген.



## **ҰЛЫ ХАН ӘЗ-ТӘҮКЕ /1680-1715/**

Әз Тәуке /1643—1718/ - Салқам Жәңір ұлы, қазақтың ұлагатты ұлы ханы, аса көрнекті мемлекет қайраткері ретінде танылған кеменгөр көсемі. Қалай айтса да мақтауға да, мақтануға да тұрарлық Тәуке хан «атадан ұл туса иғі, ата жолын қуса иғі» қағидасымен есті. Ханның хандық, іскерлік, азаматтық жолын бұрынғы атабабаларды сияқты соғыстағы ерліктегірімен бағаламай-ақ, әз билігі кезіндегі ішкі, сыртқы көрегендік саясатымен, мемлекет басқару және әділдік, құқықтық жүйесін жасауы, тағы басқа азаматтық істерін айтсақ та, оның адамдық тұрғыда биік тұрганына көз жеткізуге болады.



Қасиетті Түркістанда хан сайланған Тәуkenің негізгі мақсаты Қазақ мемлекетін халықаралық деңгейге дейін кетеру әді. Ол үшін ел ішіндегі ұсақ рушыпдықты біріктіріп, алауыздықты жойды. Орданы бір орталықтан басқаратын басқару жүйесін бекітті. Ел тарихында алғаш рет «Билер кеңесін» құрып, сол арқылы шешім шығарды. Бұрын хан төңірегінде өзінің жақын туыстары ақылшы ретінде отыратын болса, Тәуке шыққан тегіне қарамастан халық арасынан шыққан ақылды, парасатты кісілерді тартты. Сейтіл хан жанына Теле, Қазыбек, Әйтеке сынды айтулы билер, қаһарман батырлар мен беделді, аузы дуалы шешендер мен батырлар енді. Хандықта билердің беделінің биіктігі сонша, олардың кепісімін алмай Тәуке ханның өзі де шешім кабылдай алмады. Сейтіп, қазақ даласында әділетті мемлекеттік билік орнады. Бұл кеңес мемлекеттікі, ел ішінде тәртіпті нығайтуға өлшеусіз үлес қосты.

1698-1717 жылдары ішінде қазақ еліне жоңғар басқыншылары баса көктеп кірді. Осы қыын сәтте ханның қолбасшылық қабілеті де айқын танылды. Жауынгерлерді садақ тарту, қылыштасу, ат үстінде айқасу, т.б. соғыс өнеріне үйретті. Сарбаздарға онбасы, жұзбасы, мыңбасы тағайыннады. Жоңғарлармен соғыста тойтарыс беру үшін Тәуке көрші мемлекеттермен қатынас орнатты, елшілер

жіберіп тұрды. Бір сөзбен айтқанда, ұлы ханның өз мемлекетін қорғау және оны нығайту ісіндегі данышландық еңбектері өте зор.

Әз-Тәуkenің мәңгі ұмытылмас жұмыстарының бірі, әйгілі «Жеті жарғы» деп аталатын /шамамен 1684-1685 жылы жасалған/ құқық жүйесі болды. Жоғарыда айтылған қазақтың кеменгер үш биін қатыстыра отырып жасаған бұл заң көшпелі қоғамның, қазақ халқының мінезі мен тұрмысына, әдәт-салтты мен ұлттық мұддесіне толық сай келді. Жарғы «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолындағы» заң негізінде толықтырылып жасалған болатын. Бұл заң жылтына бір рет қазақ елі, ру, тайпа басшыларын Құрылтайға шақыратын шешім шығарды. Онда мемлекеттік, рулық, елдік мәселелер қаралып, шешілетін заң шықты.

Әз-Тәуке тұсында маңызды мәселенің бірі ретінде әрбір рудың таңбалары болды. Әр ауылдың, үйдің малына өзіндік белгісі, ен салынатын тәртіп белгіленді. Сонымен бірге, салық, неке, қалың мал, жаза көлемі де айқындалды.

Өзінің ұлылығымен бүкіл халыққа үлгі көрсеткен қасиетті хан Әз-Тәуке көз жұмар алдында «қазақтың ұраны - бірлік болсын» деген есiet қалдырылты. Ұлы ханның мәңгі тыныстаған жері - Түркістан.

## **АБЫЛАЙ ХАН /1771-1781/**

Абылай хан /Әбілмансұр/ /1713-1781/ - Салқам Жәңір үрпағынан тараған батыр, қолбасшы, атағы алты алашқа жайылған айбынды ер. 1771 жылы Түркістанда үш жүздің ханы болып сайланған. Жас кезінде жоңғар-қазақ соғыстарында жекпе-жекке шығып, ержүрек жауынгерлігімен танылған. Абылай Қазақ ордасының билігін қолына



алысымен-ақ, аргы аталарының қасиетті, енегелі жолдарын жалғастырып, хандық құрылымды нығайтуға айрықша қайратжігермен кірісті. Ел шаруашылығы мен экономикасы, сауда ісін дамытты. Қазақ мемлекетінің дербестігін, оның қорғаныс қабылетін нығайту үшін бүкіл елді, оның беделді би, батырларының басын қости. Қабанбай, Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Теле, Қазыбек, Әйтеке, Бұқар және басқа батыр, билерді өз қасына алып, олардың ақыл-кеңестерін басшылықта алып отырды. Бұл да Абылайдың абырой, беделін көтерген істерінің бірі болды. Бұқар жырау оның кейбір артық кеткен жерлерін қатты сыйнап та отырды.

Абылай үлкен саясаткер, дипломатиялық өнерге де шебер, кең ойлы кеменгер еді. Ол Ресей, Қытай, Бұхар, Хиуа елдерімен қарым-қатынас жасап тұрды. Абылайдың әскери істегі қолбасылық қабылеті XVIII ғасырда қазақ елін жаулап алмақ болған Жоңғар, Қытай - Мань-чжур империясына қарсы үш жүздің басын қосып, қиян-кескі айқастарда тамаша женіске ие болды. Бұрын жоңғарлар басып алған жерлерді азат етті. Қазақ хандығын сақтау және оны нығайту үшін хан Ресей мен Қытай мемлекетіне кезек арқа сүйеп, сол арқылы қазақ халқын түрлі қындықтардан құтқарып қалды. Әсіресе, Россиямен сауда, экономикалық, дипломатиялық және саяси байланыстар жасап халықтың әлеуметтік-шаруашылық жайын да естен шығарған жоқ. 1772 жылы Ресейге қосылуға аnt берді:

Қазақ елінің тәуелсіздігі үшін талай жерде басын бәйгеге тігіп, желкілдеген ту келіп, жер қайысқан қол келіп, ер етігімен су кешіп, ауыздығымен су ішкен заманда «Абылайлап» ұран тастаған, ер халықтың ар-намысын тіл ұшымен де, наиза ұшымен де қорғаған,

айбынды елдің айдынды көсемі бола білген, ажал іздеғен жауын Алтайдан асыра қуған, қалмақтың сағын сыйндырған, данышпан, қайраткөр хан Абылай есімін қазақ халқы пір тұтып, оның аруағына бас иіп келеді.

Артына өлмейтін мұра, өшпейтін іс қалдырған, Қасым, Уәли, Әбәйділда, Кенесары, Саржан, Наурызбай, Шоқан сияқты үрпақтар беріп кеткен ұлы хан 1781 жылы 69-ға қараған шағында Ташкент қаласында қайтыс болып, қасиетті Қожа Ахмет Иассауи мавзолейінің қасына жерленді.

Данышпан Абылай өмірі - ұлы ерліктің символына айналған. Оның ғажайып ерліктерін мадақтайтын өлең, жыр, толғау, романдар жазылды. Алматы, Қекшетауда Абылайға көркем ескерткіштер қойылған.

## **КЕНЕСАРЫ ХАН /1802–1847/**

Кемел ойлы Кенесары хан! Айбынды хан Абылайдың немересі, қатарынан асып туган Қасым сұлтанның бел баласы, Орта Азияда ат ойқастатқан жауежүрек батыр Сыздықтың әкесі. XIX ғасырда орыс отаршылдарына он жыл ойран салып, сабасына түсірген, қазақ деген халықтың қаһармандығы мен қаһарын таныта білген, сайын даланың дара туган дарабоз сардары, көреген көсемі Кенесарының ерлік есімін естігенде Қазақстан мен Орта Азияға емес, Шығыс, Европа жүртшылығы да бас шайқай таңырқаған. Басты жауы орыстың ойсыз отаршылдары амалсыз бармақ тістеген. Кенекеңнің жай отындей жарқылдаған, жарап атты жау жүрек жауынгерлері құйғытып келіп, жасанған жазалаушылардың сазайын тартқызыған. Әріңі Керей мен Әз-Жәнібек, беріңі Жәңгір мен Тәуке, Абылайдан қалған ата жолын қуып, Қазак мемлекетінің тәуелсіздігі жолында тәуекелге бел буып, үш жүздің басын қосып, ант бұзып, серттен шыққан солтүстіктері аузы түкті дұшпандарына қарсы қылыш көтерді. 1837-1847 жылдары бүкіл қазақ даласының жүргегі Отан деп соққан би, батырлары азаттық үшін атқа мінді. Халықтың Абырай, Бұғыбай, Наурызбай, Жанқожа, Иман, Бұқарбай, Сұраншы батырлары Отан қорғаудың ерлік үлгісін көрсетті. Патша әскерлерінің қазақ жеріндегі қамалдары Ақтау, Ақмола бекіністеріндегі зенбірекпен қаруланған жау әскерлерін дала батырлары ақ наизаның ұшымен, ақ білектің қүшімен алып, қамалын қақыратта, бұзып басып алды. Ер Наурызбай бастаған казақ қырандары Ақмола, Торғай, Үргез, Ұлытау, Қекше далаларында жазалаушы орыс отрядтарының ойран ботқасын шығарып, қас дұшпанға қан құстырды. Азаттық, тендік, ар, намыс үшін созылған он жылдық айқаста қазақ рухы биік тұрды. Еңіреген ерлер намысты бермеді, тізе бүкпелді. Патша әскербасылары мен билеуші губернаторлары дала ерлерінің қаһармандығын мойындағы. Алайда, от қаруы жоқ, саны жағынан аз халықтың бұл қозғалысы жеңіліспен аяқталды.



Өр халықтың намысынан от алған, қайсар халықтың намысымен қайралған, сайын даланың сайыпқыран сардары, сұмпайы жаудың екпінің сұзымен су сепкендей баса білген, ақылты мен әдіс-айласы тең, жауын жасын түскендей жайратқан, әділеттің ақ туын берік ұстаған, халықтың ортасынан шар болаттай қайнап шыққан қаһарман, қазақ деген қалың елдің қамын ойлаған соңғы хан иеміз Көсем Кенекемнің аруағына бас идік! Ұлыстың Ұлы күндерінде Кенекемнің сүйікті есімі атала берсін!

(КЕНЖЕАХМЕТҰЛЫ СЕЙІТ «Жеті қазына» (екінші кітап). Алматы, «Ана тілі» Баспасы ЖШС, 2007-112-122 бет.)








# ШЕЖІРЕ

қазақтың  
ру-тайпалық  
құрылышы



## НҰХ ПАЙҒАМБАР (Қазықұрт тауы)







# ҰЛЫ ЖҰЗ

ҚАҢЛЫ  
СІРГЕЛІ  
ЖАЛАЙЫР  
САРЫУЙСИН


ҰІСТЫ  
ОШАҚТЫ  
ШАПЫРАШТЫ


АЛБАН  
СУАН  
ДУЛАТ

Ұраны: Қауға беріп, қойға қой


Таңбасы: Таңбасы нәл









Қаңлылар кейде “ақ”, “қызыл” болып бөлінеді. Кейінгісі Сарықаңлы Телқожадан бөлінеді.











### Қызылбәрік



### Қоңырбәрік



«Құртқамай» деп аталады


### СУАН



## ДУЛАТ



### Мырзасейіт




### Буас




### Ақылбек




### Жанту



### Жантан



### Жарлықамыс




### Құдайқұл (4 арыс)

Әлімжан      Есбер      Бесторсық      Сиыршы

### Шағай, (6 арыс)



### Қоралас (12 арыс)



### Шынқожа





## ОРТА ЖҰЗ



АРҒЫН  
ҚЫПШАҚ  
НАЙМАН  
ҚОҢЫРАТ  
КЕРЕЙ  
ТАРАҚТЫ  
УАҚ




Ұраны: Қалам беріп, дауға қой.

Таңба: Таңбасы босага П




















## ҚАРАКЕРЕЙ




## ҚОҢЫРАТ











*Ашамайлыш Керейден тараған рулар:*





Ер Қосайдан тараған рулар:

Сарыбағыш  
Еренші  
Әлімбет



## КІШІ ЖҰЗ

### ӘЛІМ ҰЛЫ БАЙ ҰЛЫ ЖЕТІРУ

Қарасақал  
Қаракесек  
Кете  
Төртқара  
Шемекей  
Шекті


Ұраны:  
Найза беріп,  
Жауға қой

Тәнба:  
Жебе тәнбасы



Адай  
Алтын  
Жаппас  
Алтыбас  
(Алаша)  
Байбакты  
Масқар  
Беріш  
Таз  
Есентемір  
Ысық  
Тана  
Қызылқұрт  
Шеркеш

Кердері  
Керейіт  
Табын  
Тама  
Жағалбайлы  
Телеу  
Рамадан




## ӘЛІМҰЛЫ



## Кете



## Төртқара



## Шекті



## БАЙҰЛЫ



### Адай



### Алтын

Қосқұл      Қазалы      Шүнгір      Жапалақ


### Байбақты




### Масқар

Құттықадам      Масақ


### Беріш




### Таз




### Есентемір




### Қызылқұрт




### Тана




### Шеркеш



### Алтыбас



## ЖЕТИРУ



## МАЗМҰНЫ

ШЕЖІРЕ БАСЫ.....	3
ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?.....	4
АҢЫЗ ҮШ ЖҮЗ ТУРАЛЫ НЕ ДЕЙДІ?.....	12
ҚАЗАК ҚАЙДАН ШЫҚҚАН?.....	15
1. ҰЛЫ ЖҮЗ.....	29
ҚАҢЛЫ.....	30
СІРГЕЛІ.....	31
ЖАЛАЙЫР.....	32
САРЫУЙСІН.....	33
ЫСТЫ.....	34
ОШАҚТЫ.....	34
ШАПЫРАШТЫ.....	34
АЛБАН.....	35
СУАН.....	35
ДУЛАТ.....	36
2. ОРТА ЖҮЗ.....	37
АРҒЫН.....	38
НАЙМАН.....	38
ҚЫПШАҚ.....	39
ҚОНҚЫРАТ.....	39
КЕРЕЙ.....	40
· УАҚ.....	40
ТАРАҚТЫ.....	41
ОРТА ЖҮЗ ЖАЙЛЫ ШЕЖІРЕЛІК ДЕРЕКТЕР.....	42
3. КІШІ ЖҮЗ.....	45
ӘЛІМҰЛЫ.....	45
БАЙҰЛЫ.....	46
ЖЕТИРУ.....	46
КІШІ ЖҮЗ ЖАЙЛЫ ШЕЖІРЕЛІК ДЕРЕКТЕР.....	47
ШЫҢҒЫС ХАННЫң ҚЫСҚАША ШЕЖІРЕСІ.....	50
ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНАРМАН ХАНДАРЫ.....	53
КЕРЕЙ ХАН /1456-1473/.....	53
ӘЗ-ЖӘНІБЕК ХАН /1473-1480/.....	54
ҚАСЫМ ХАН /1511-1521/.....	55
ХАКНАЗАР ХАН/1538-1581/.....	56
ТӘҮЕКЕЛ ХАН /1582-1598/.....	57
ЕСІМ ХАН /1598-1628/.....	58
САЛҚАМ ЖӘҢГІР ХАН /1628-1652/.....	59
ҰЛЫ ХАН ӘЗ-ТӘҮКЕ /1680-1715/.....	60
АБЫЛАЙ ХАН /1771-1781/.....	62
КЕНЕСАРЫ ХАН /1802—1847/.....	64
ШЕЖІРЕ.....	66